

П И О Н Е Р



АПРЕЛЬ

1951 ЖЫЛ

№ 4

АЛМАТЫ



ЕҢБЕК ТУРАЛЫ

*Еңбекті сүйіндер. Өзге
ешбір күш идалды еңбек кү-
шіндей — коллективті, ын-
тымақты, азат еңбек кү-
шіндей ұлы, да, дана ба-
ете алмайды.*

М. ГОРЬКИЙ

*... Еңбек — барлық дерт
атаулыдан арылудың
негізгі дәру. Еңбектен ар-
ты; рахат жоқ.*

Н. ОСТРОВСКИЙ





ПИОНЕР


Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің
айына бір рет шығатын балалар журналы

Шығуына 13 жыл.

№ 4

АПРЕЛЬ

1951 жыл



Жамбыл қаласы. Крупская атындағы мектептің оқушылары В. И. Лениннің туған күніне арнап мүйіз жабдықтады. Суретте: (солдан оңға қарай) М. Пак, З. Қазбекова, Ж. Сұлтанова.

Суретті түсірген П. Редько.





Екі портрет

А. АЛЕКСИН

Калькутта — үлкен қала, Индиядағы ең бір үлкен қала... Онда айнадай жалтыраған әсем көшелер; зәулім үйлер бар, бұл үйлерде ағылшындар мен американдар, индус байлары тұрады. Бірақ мұның бәрі қаланың ортасындағы көрініс. Ал қаланың шет аймағына үңілсең, сыйықсыз лашықтар мен қыйқыйған құжыраларды көресің. Мұндағы тұрғандар еденсіз, сызды жерде ұйықтайды. Қырық құрау шатырлардан ыстық жақтың қара нәсері сорғалайды.

Кулькуттада бұлардан басқа да бір кварталдар бар. Ең кедей құжыралар, көлік жүретін ең лайсаң көшелер де осында. Жаяу адамдар бұл кварталдардан оралып өтеді, тіпті ол жаққа көз қыйығын салуға да қорқады. «Неге олай?» деп сұрарсың, кішкентай оқушы. Неге десен, индиялық жексұрын ғұрып бойынша, жоқшылық жайлаған бұл кварталдарды мекендеген адамдармен сөйлесуге, жұғысуға болмайды. Оларға «жұғысуға болмайтындар» деп ата тағылған*.

Онжасар Мохан осындай кварталдардың бірінде тұрды. Әкесі күл-қоқыс тасушы еді. «Жұғысуға болмайтындарға» тиетін де осындай ең лас жұмыстар ғана болатын. Бала да жұмысты әкесімен бірге істеді.

Өзінің жақындап қалғанын біліп, жұрт дер кезінде бұрылып кетуі үшін, кішкентай Мохан көшелермен келе жатқанда барынша айқайлап өтуге, қолын сермеп белгі беруге тиісті болатынды.

Бір күні Мохан өз кварталының маңындағы бір көшеде жұмыс істеп жүрді. Ол бір құжыраның айналасын тазартып жатыр еді, іштен ойда жоқта, сұнғақ бойлы, қағлез бір индус шыға келді. Ол баланы көріп тоқтай қалды да:

— Балақан, не істеп жүрсің мұнда? — деп сұрады.

*) Индияның халықтары бірнеше топтарға бөлінген. Бұл топтарды каста деп атайды. «Жұғысуға болмайтындар» ең төменгі каста.

Басын көтеріп жалт қараған Мохан жылы жүзбен назар тастап тұрған адамның мейрімді көзіне көзі түсті. Бала өзінің күндегі дағдысынша айқай салып, қолын сілтеді. Бірақ битаныс адам оның айқайына айылын да жыймай, ешқайда табан аудармады. Ол-ол ма, қайта бұрынғыдан да жылы шыраймен күлімсірей түсіп, балаға қолын созды.

— Кане, танысып қояйық. Менің есімім — Манурат. Өзіңнің атың кім?

Мохан недерге білмей аңырып қалды. Басқа каста адамынан оған бірінші рет қолын ұсынғаны да осы еді.

Битаныс адам енді күле сөйледі.

— Көзің неге сонша шарасынан шығып барады, балақан?

Әлде менің маңдайыма қорқынышты бірдеңелер жазылған ба?

Бұдан соң ол қолын бір сілтеді де, сөзін жалғады.

— Маңдайыма жазылған күнде де сен байғұс таний алмас ең ғой. Тегі мектепте оқымайтын боларсың-ау?

Битаныс адамның жылы жүзі балаға жігер берді.

— Мектепте оқымаймын, — деді ол ақырын ғана.

Битаныс адам кенет қабақ шытты да:

— Оқымай жүргенің өте қынжыларлық іс, — деді ол.

— Ол үшін мен қанша кінәлімін? — деді Мохан.

— Ал, енді кім кінәлі?

— Оишасын білмеймін, — деп жауап берді бала.

— Әлі-ақ білетін боласың, — деді битаныс адам сенімді түрмен. Содан соң мынандай бір ұсыныс жасады: — Оқуды, жазуды үйретейін, оған қалай қарайсың?

Мохан аң-таң болып, ешбір жауап катпады. Бірақ битаныс адам баланың қуаныш ойнап жайнаған көзінен-ақ оның айтар жауабын анық ұққан еді.

Түткүйылдан орайласқан бұл танысу міне осылай басталды.

Моханның әкесі Манураттың тоқыма фабрикасында істейтінін білді. «Бұл бір өте жақсы адам» — десті көршілері. Бұл сөздеріне қоса олар: «Өзі коммунист. Ол бізді, «жұғысуға болмайтындарды» қорғайды» дегенді айтты, сыбырлап.

Мохан Манураттың кұжырасына кешғұрым жиі баратын болды. Баланың осында өткізген сағаттары да ең бір бақытты кездеріне айналды. Ол индус алфавиты түгел жазылған үлкен қағазға үңіліп, талай рет отырып бақты. Бұл әріптерді ол көңілге тоқып, әбден біліп алды. Манурат та одан сан рет сұрап, тексеріп отырды.

Осыдан екі жыл бұрын Манураттың әйелі мен баласы аштан өлгенді. Ол кәзір жалғыздық шеккен жан еді. Моханды ол туған баласындай әлпештеп, жақсы көрді.

Бір күні кеште, баламен қоштасып тұрып:

— Ертең әкенді ерте кел. Сенің жетістігіңді көріп, байғұс шал қуансын, — деді ол.

Ертеңіне Мохан әкесімен келді. Манурат баладан шын мәнінде емтихан алды. «Мынау қай әріп?» — деп сұрай бастады ол. Мохан батыл түрде, бөгелместен әріптердің аттарын судыратып айтып шықты.

Қуанғанынан әкенің көзінен жас та шығып кетті.

— Біздің әулетте әріптердің сырын білген адам болмаған еді, — деді ол баласына, — міне, бірінші рет сол сырды сен ғана біліп отырсың...

Содан кейін қарт Мануратқа бұрылды.

— Адамға бұлайша жақсылық етуді кім үйретті саған? Басқалар сөйлесуге жерінетін біздерге, «жұғысуға болмайтындарға» көмектесуді кім үйретті? Осындай жақсы қасиеттің бәріне кім үйретті? Айтшы, ізгі жан!

Отырған жөке төсенішінен Манурат үнсіз тұрды да, кішкентай портретті нұсқады.

— Мұның бәрін маған үйреткен мына кісі! — деді жымыйып.

— Бұл кісінің аты кім? — деп сұрады Мохан.

— Оқы өзің. Сен кәзір барлық әріпті білесің, демек, әрбір сөзді оқый алуға тиіссің ғой.

Мохан портреттің қасына жақындап келді де, жайымен ежелеп оқып, ЛЕНИН деді.

Баланың өздігінен оқыған бірінші сөзі еді бұл.

— Ленин... Мен бұл есімді мәңгі есімде сақтаймын! — деді Мохан талайларды жақсы іске бастап, жаманшылыққа қарсы күресуге үйреткен адамның жүзінен көз алмай.

* * *

Жылжып екі ай өтті. Бұл кездерде Мохан оқып қана қою емес, жазуды да үйренді. Рас, жазуы әлі де сыйықсыздау. Әйткенмен сол шым-шытырықтың өзі бүтіндей ой тізбегін білдіретін кәдімгі сөздер еді.

Осы дәрежеге жеткен Мохан Мануратқа ойға алған арманын айтты.

— Мен Ленинге хат жазғым келеді, — деді ол, — оған көп-көп алғыс айтқым келеді.

Манураттың жүзіне байыптылық, тіпті қаталдық пайда бола қалған сыяқты көрінді. Ол аз ойланып қалды да, балаға тіл қатты:

— Бірақ ол ойың орындалмайды...

— Неге орындалмайды? — деді бала таңданып.

— Ленин жүрегі соғуын тоқтатқалы қашан.

— Мүмкін емес! — деді Мохан даусын қатты шығарып. — Бұлай болуы мүмкін емес! Ол кісі өлуге тиіс емес...

Кенет баланың көзінен ыстық жас ыршып кетті. Ол ешқашан мұндай қатты күйініп жылап көрген еместі.

Манурат баланы басынан сыйпап, уата сөйледі.

— Жылама... Сен менің сөзімді ақырына дейін тыңдаған жоқсың. Ленин жүрегі соғуын тоқтатты. Бұл ақиқат. Бірақ Ленин өлуге тиісті емес. Ол тірі. Оның өмірі ең таңдаулы, ең сенімді шәкіртінің өмірімен жалғасып жатыр. Бұл шәкіртінің есімі — Сталин. Ол да, Ленин сыяқты, бізді адамға жақсылық етуге, жаманшылыққа қарсы күресуге үйретеді. Ол да, Ленин сыяқты, сен жайында, Мохан, сенің әкең жайында, барлық езілгендер мен еңрегендер жайында ойлайды.



Бала аға досының жантербетер әсерлі сөздерін уана тындады, көзден аққан ыстық жасы кеуіп, қоңырқай бетіне әліп тартты.

— Олай болса, Сталинге хат жазамын! — деді ол батыл пішінмен.

— Жаз, қайткен күнде де жаз! — деді Манурат. Содан соң мынаны хабарлады:—Дәл бүгін біздің коммунистік газетке Сталиннің портреті басылды.

Манурат газеттен портретті ұқыппен қыйып алып, Ленин портретінің қатарына, қабырғаға ілді. Мохан да портретті ілуге қолынан келгенше көмектесіп бақты.

— Міне, ертеңгі күнге әзір етіп құжырамды безендірдім, — деді Манурат.

— Ертең не болушы еді? — деп сұрады бала.

— Ертең үлкен мейрам болады, — деді Манурат, сүйтті де баланы екі қарынан қапсыра ұстап, бетінен сүйіп-сүйіп алды.

Бұл апрельдің ақырғы күні еді. Көктем қаланы сағымға бөлеп тұрды. Біздің ең сарша тамыз деген жазымыздан бұл көктем әлде қайда ыстық еді.

* *

Мохан келесі күні таңертең ежелгі дағдысы бойынша, әкесіне еріп жұмысқа шықты. Бірақ бұл күні таңертең көше сыпырып болмады, өйткені сан жүздеген адамдардан көшеде аяқ алып жүру мүмкін емес еді.

Көшеге шыққан жұрт қызыл тулар көтеріп, портреттер ұстап бара жатты. Бала оларға қадала карап, өзіне таныс портреттерді аңғарды.

Ол қолымен портретті нұсқап:

— Анаң кара, әке, бұл — Ленин мен Сталиннің портреті! — деп айкайлап жіберді.

Бірінші май демонстрациясына шыққандардың төбесінде ән шалқыды, Индиядағы ең үлкен өзен — шалқар Гангтың толқынындай тербеліп, құдретті, кең тынысты, асқақ ән шалқыды.

Енді бір сәтте Мохан демонстрацияның алдыңғы сапынан өзінің аға досын көзі шалды.

— Манурат! Манурат! — деп бала қуанғанынан айкай салды.

Бірақ дәл осы минутта түсініксіз бір қымқыйғаш қыйқу басталып кетті. Саптағылар тоқтап қалды. Алдан полицейлердің штыктері мен каскалары жалт-жұлт етті.

Әне-міне дегенше полицейлер демонстранттардың сапына араласып адамдарды ұстап, мылтықтың дүмімен, шоқпармен соққылай бастады.

Мохан, еңгезердей үш полицей Мануратты ұстап, алып бара жатқанын көріп, есі шығып, тұрған орнында катып қалды. Кенет досының даусын құлағы шалды.

— Қорықпа, Мохан! Барлық хауіп жақсылықпен тынады!..

Мохан сол күні кешке көршілерінен фабрикадан көп жұмысшы абақтыға жабылғанын, солардың ішінде Манурат та бар екенін естіді.

— Манураттың құжырасы тінтіледі. Қолға іліккеннің бәрі әкетіледі, — деді әлде кім.

Осыны ести салып, Мохан досының үйіне қарай жүгіре жөнелді.

Мүлткісіз жүдеу құжыра қаңырап тұрды. Бала келген бетінде қабырғада ілулі тұрған екі портретті жалма-жан ала салып, дір-дір еткен қолымен көкрегін баса, ізінше кейін зытты.

Үйіне келген бойда жастық орнына қолданылып жүрген буда жапрақтардың астына портреттерді тыға қойды.

Бұл түні бала кірпік қақпай, көрер таңды көзден атқызды. Жастығының астына әлсін-әлсін қол жүгіртіп, өзіне қымбат портреттерді қайта-қайта сыйпалаумен болды.

— Бұл портреттерді ешбір жанға бермеймін, — деді ол күбірлеп, — бермеймін!..



КІШІЛІК

*Театрда шешкенінде ішігін
Түсті үзіліп түймесі бір кісінің.
Көргенше өзі, шілдім де әпердім,
Үлкенге істеп ізгі ізетін кішінің.*

*Әлгі кісі күлімсіреп қарады,
Мейрім төгіп оның нұрлы жанары:
— Рахмет, қалқам! — деді. Алғысы
Деп тұрғандай: «Сыйла осылай ағаны!»*

Өкім ЖАЙЛАУОВ



А. Есқалиева, Қ. Қарібаева, З. Есжанова және С. Мамыраева «Емтихан жақындап қалды» деген монтаж әзірлеп жатыр.

ЕҢБЕГІ КӨПТІҢ — ӨНБЕГІ КӨП

ОТРЯД БИТІМАҒЫ

— Гүлжиһан бүгін мектепте неге болмады, кім біледі? — деп сұрады отряд советінің председателі Сәлима жолдастарынан.

- Ол себепсіз сабақтан қалып көрген жоқ еді.
- Науқастанып қалды ма екен?
- Білу керек... Үйіне барып қайтайық.

Раушан мен Кенжеш сабақтан соң Гүлжиһанның үйіне келсе, ол, шынында да науқастанып қалған екен. Жолдастарын көрген соң, Гүлжиһан қуанып кетті. Құрбылары бүгінгі үйге берілген тапсырмаларды да ала келіпті. Үшеуі қазақ тілінен берілген жаттығуды бірлесіп дайындады. Бүгінгі сабақты Раушан мен Кенжеш Гүлжиһанға айтып берді.

— Біз келіп тұрамыз... Тез жазыл, Гуля! — деді олар кетерде.

Гүлжиһан ұзақ ауырды. Бір жарым ай бойында звеноның барлық пионері Гүлжиһанға кезектесіп келіп, көмектесіп отырды. Әр сабақ әкелген жаңалық Гүлжиһанға жетіп тұрды.

Екінші тоқсанда Гүлжиһан сабаққа қайта оралды. Достық көмек арқасында ол сабақты бұрынғысындай жақсы үлгіріп кетті. Елена Степанованың:

— Сынаққа жақсы әзірлік — күнделікті сабақты жыл басынан жақсы үлгіру, жүйелі білу деген сөз, — дейтіні әлі есімде.

Гүлжиһанның бұл сөзі жолдастарының да көкейіндегісін білдіргендей еді. Алдағы емтихан — үлкен сын екенін әрқайсысы ерте ойлаған, жақсы түсінген.

— Емтиханға жақсы әзірленейік! Отряд пионерлерінің бәрінің тілегі осы болатын.

Бір ғана 3-отряд емес, бүкіл дружина сынаққа күнделері әзірленіп келеді.

„ЕМТИХАНҒА ЕРТЕ ӘЗІРЛЕН“

25-январь күні дружинада пионер линейкасы өткізілді. Дружина советі бұл линейкаға қысқы каникул кезінде әзірленді. Линейка емтихан-сынаққа әзірлік мәселесіне арналды.

Линейкаға мектеп директоры, мұғалімдер шақырылды. Республиканың еңбек сіңірген мұғалімі Елена Степановна Ерольская сынақ пен емтиханға әзірленгенде ескеретін негізгі ережелерді айтты:

— Бүкіл жыл бойында өтілген материалды түгел пысықтап үлгіру үшін календарлық жоспар жасап алып, оны мұқият орындау қажет, — деп бастады сөзін Елена Степановна, — пысықтауды өзің шала білетін пәніңнен баста. Бір пәнді пысықтауға кірісерде бүкіл программаны қарап өтіп, қай бөлімді, қай тарауды қай дәрежеде білесің, соны анықтап ал. Әуелі күңгірт түсінген тарауды қайтала. Әдетте, бір пәнді қайталап болғаннан кейін ғана, екінші пәнді қолға алған жақсы. Пысықтау сонда нәтижелірек болады:

Материалды билетпен емес, кітап бойынша класта өтілген ретімен қайтала. Жеке тараулар мен тақырыптардың арасындағы байланысты түсінсең, оқығаныңды оңай еске сақтайсың.

— Онда билет не үшін беріледі? — деп сұрады бір пионер оқытушыдан.

— Бір пәнді пысықтап болғаннан соң, билет бойынша өзіңнің біліміңді тексеруіңе болады.

Линейкада оқу озаты, пионер Бану Мусина сабаққа әзірлену жөніндегі тәжірибесін ортаға салды.

— Күнделікті сабаққа әзірлену, мұғалімнің тапсырмасын орындау класта басталады. Мұғалім жаңа сабаққа кіріскенде, мен негізгі жайларды дәптеріме қысқаша жазып отырамын. Сонда бір сабақтың жаңалығы

маған ап-айқын болады. Үйге келгеннен кейін, сағатқа бөлінген уақытты тәртібімен пайдаланамын.

— Біздің отрядтың звеноларында «Карта алдында» деген тақырыпқа өткен жыйын география материалын пысықтауға көп пайдасын тигізді,— деді 3-отряд советінің председателі Сәлима Болатова.— «Бүтін сандарды шапшаң көбейту» деген тақырыпта да жыйын өткізілді. Бұл бізді тапқырлыққа үйретті.

Линейкада кейбір пионерлер өткен жылғы емтихандағы кемшіліктерін де еске алып, жолдастарын сақтандырды. Бір пионер былай деді:

— Мен былтыр жыл бойында сабаққа онша ынта сала қоймадым. Емтихан басталардың аз-ақ алдында билетпен ғана дайындалдым. Бірінші емтихан күні оқытушы қосымша сұрақ беріп еді, ол мәселе билетте жоқ болатын, мен жауап бере алмадым. Бұл қатемді ендігері қайталамастай болдым.

Линейка пионерлерді үлкен ойға қалдырды. Осы жыйын әрбір пионерге «емтиханға қайтсем жақсы әзірленемін» деген ынта тудырды.

„ҮНЕМДЕЙ БІЛСЕН, УАҚЫТ МОЛ“

— Бану, уақытты қалай пайдаланып жүрсің? — деп сұрадым бір күні 6-класс пионері Мусинадан. Ол өз тәжірибесін айтып берді. Бұл тәжірибе қысқаша айтқанда, былай еді:

Ол үйге келіп, тамақ ішіп болғансоң, аз уақыт серуен жасап 1 сағаттай дем алады. Содан соң ертеңге берілген тапсырманың ең қиындарынан бастап, 3 сағаттай дайындалады. Әрбір 40 минут сайын 10 минуттей тынығады. Осыдан соң кезектегі пәннің емтиханына бір сағаттай әзірленеді. Әсіресе шала білген тақырыбына баса көңіл бөледі. Мысалы: орыс тілінен үстеулердің (наречие) қалай жазылатынын ол алғашқы кезде білмей келді. Жатжазу жазғанда соның салда-



Көптен бері білмегенім осы екен ғой? — дейді Бану Мусина.

рынан бірде-екілі хате жіберіп алатын болды. Кейін үстеуі бар жаттығуларды үйде көбірек жазып дағдыланды. Бір күні апасы:

«Вдали показался комбайн» деген сөйлемді жаздырды. Ол «в» жұрнағы бөлек жазылатынын не бірге жазылатынын білмей мүдіріп қалды. Бірақ ережені еске түсірді. Үстеу жұрнақтары әрқашан да бірге жазылады. Сөйтіп ол білмегенін өздігінен біліп алды.

— Кейбір оқушылар уақыт жетпейді деп қынжылады. Өйткені, ондайлар ойынға көп бойұрып кетеді. Мұндай дайындықтың нәтижесі мардымсыз болады. Үнемдей білсең, уақыт мол. Оған менің көзім жетті,— дейді Бану.

Емтиханға әзірліктің ең бір басты кезеңі — класта өткен материалдарды IV-тоқсанда пысықтау кезі. Бұл тоқсан түгел дерлік қайталаумен өтеді. Класта пысықтау кезінде дәл сенен сұрамаса да, басқа оқушылардың берген жауабына немесе мұғалімнің қортынды сөздеріне ерекше ынта салып тыңдамай болмайды. Өйткені, бұл жауаптардан көп білім алуға болады. Мысалы класта географиядан Оксания деген бөлім пысықталды. Бір оқушы картадан Жаңа Гвинея, Жаңа Зеландия аралдарын көрсетіп, олардың халықтары туралы айтты. Оның жауабынан оқушылар орыстың ұлы жиһанкезі Миклухо-Маклайдың Жаңа Гвинея аралында тұрып, Батыс Европа отаршылдарының жергілікті халықты қанауына қарсы оның наразылық білдіргенін есіне түсірді. Ертең емтиханда маған осы жөнінде сұрақ келсе, мен отандасымыздың Миклухо-Маклайдың озат пікірін үлкен мақтанышпен айтар едім,— деген ойлар да келді.

„КІМ ЖАҚСЫ БІЛЕДІ“

Біздің дружина пионерлері емтиханға әзірлікке күнібұрын кіріскенде алдымен әркім өздігінен дайындалуды ұйғарған еді.

IV-тоқсанның алғашқы күндерінде оқушылар бірігіп өзара білім сынауға кірісті. Бұл да сабақ пысықтаудың бір түрі болып табылады. Оқушылар қолы бос уақытта кездесе қалса болды:

- Қане кім жақсы біледі?
 - Қуат деген не?
 - Пифагор теоремасын дәлелдеші?
 - Юлий Цезарды айтшы.
 - Сөйлемнің бірыңғай мүшелері қалай жазылады?
- деген сыяқты сұрақтарды көп есітесің.
- Мен айтайын, мен айтайын! — деседі олар.

Мектептегі барлық көрнекі құралдар балалардың пайдалануына берілген.

Физика кабинеті. Кезекші мұғалім С. Нұрманов оқушылардың түсінбеген сұрағына жауап береді.

— Төрт тактылы қозғағыштың жұмысын түсіндіріңізі. Оқытушы қолына қозғағыш макетін алып, цилиндр ішіндегі поршеньнің жұмысын көрсетіп тұр...

Шамы өшкен қараңғы залда оқушылар проекциялық шаммен түрлі тарихи фильмдер көріп отыр. «Минин мен Пожарский», «Суворов» пен «Кутузов», «Петр бірінші», 1905 жылғы көтеріліс... Санай берсең, мұндай фильмдердің аты көп. Бәрі де — тарих пәнін пысықтауға тамаша құрал.

— Мен Пугачев көтерілісін кинодан жақсы ұғып алдым. Ол көтеріліске қазақ, башқұр кедейлері де қатысқан екен,— дейді Құлән Даниярова.

Осылай бар мүмкіншілік емтиханға жақсы әзірлік жасау жолына пайдаланылуда.

«Еңбегі көптің — өнбегі көп». Жақсы білген оқушы емтиханда да жақсы баға алады. Ол сөзсіз.

Г. СТЕБЛЯКОВА,

Алматы, 12-мектептің аға вожатым.

ОТРЯД БІРЛІГІ

Н. ХАЙДАРОВА,

Семейдегі 6-орта мектептің аға вожатыйы.

— Балалар, сендер уәделерінде тұрдыңдар. Кешегі жат-жазуды Зина төртке, Неля беске жазды. Енді біздің класта бірде-бір үштік баға жоқ, — деген класс жетекшісі Софья Алексеевнаның сөзін балалардың қуанышты күбірлі бөліп жіберді.

Бүкіл отрядтың коллектив еңбегіне қуануы орынды-ақ еді! Отряд болып көмектескен соң, сабаққа үлгіре алмаған екі пионер қатарға қосылды. Бұл жолдастық көмек, досқа жанашырлық білдіру белгісі еді.

Бірінші тоқсанның қортындысында 6-«б» класының оқушылары барлық пәннен төрт, бестік бағамен үлгіріп шыққанда, мектептің басқа кластарындағы оқушылар, тіпті қаладағы басқа мектептердің оқушылары бұларға келіп оқу озаттары Рита Тихонова, Неля Когут, Клара Плотникова, Галя Қандаурова, Алла Неровнямен, отряд пионерлерімен танысып, достасып алды. Жаңа достарын бұлар звено, отряд жыйындарына, қызықты үйірме-сауық кештеріне, кейде бірлесіп сабақ дайындауға, ал демалыс күндері мұз айдынында сырғанақ тебуге шақырып тұратын болды.

Күн сайын сабақтың соңынан звено вожатыйлары Вера Бобылева, Люся Кульчицкая, Люся Логинова отряд советінің председатели Фаридаға пионерлердің уақытты қалай өткізгілері келетіні жайында тілектерін хабарлайды.

Отряд советі класс жетекшісі Софья Алексеевна Фельдманмен ақылдасады. Бір күні олар бос уақыттарын мектептің биология кабинетінде өткізсе, екінші күні «Тірі хайуанаттар» мүйісінде, үшінші күні физика-химия кабинеттерінде тәжірибе жұмыстарымен өткізеді, немесе іс тігу, ойын-сауық үйірмелерінде болады.

Отряд ұйымдасқан түрде киноға, театрға жиі баруды әдет етті. Осылай олар «Оңтүстік Американың ормандарында», «Олардың отаны бар», «Берлиннің құлауы» «Тимур және оның командасы», «Үшінші соққы», «Мусоргский» кино-фильмдерін, драма театрынан «Екінші майданның аржағында», «Москва салты», «Алтын сақа» пьесаларын көрді.

Отряд, звено жыйындары ерекше жаңа, қызықты тақырыптарға арналған. Әсіресе «Шетел балалары», «Орыс тілі туралы» тақырыптарында өткен отряд жыйындары балалардың қызу талқысын тудырды.

Фарида бір жыйында пионерлерге:

— Кластағы әрбір пионер бір-бір таңдаған тақырыбымызды алайық та, жыл аяғына шейін отряд алдында сол алған әдеби тақырыбымыздан баяндама-әңгіме жасайтын болайық, — деген еді. Пионерлер бұған түгел келісті. Баяндама-әңгімелерінің тақырыптарын да бөлісіп алысты. Бірнеше пионер, олардың ішінде председатель Фарида «Лиза Чайкина», Когут Неля «Зоя Космодемьянская» туралы, Неровня Ала «Сталиндік Конституция» тақырыбында дайындаған әңгімелерін айтып берді. Олардың айтқандарына пионерлер өз естіп-білгендерінен, оқығандарынан қосымша пікірлерін айтты.

Оқудың әрбір алтыншы күнінде болатын класс жыйналыстарында үш звеноның әрқайсысының жұмыстары, отряд жұмысы қорытылып отырады. Өйткені мұндай жыйын, әңгіме олардың саналы, білімді, мәдениетті, нағыз совет пионерлері болып есейе, өсе-беруіне көмектеседі.



Алматы, 12-мектептің оқушылары Ж. Сеилова, С. Болатова, Б. Әбішева, К. Ақтамакова, М. Матаева географиядан емтиханға әзірленіп жатыр.

Қозышы Нұрман



С. БЕГАЛИН.

Молдақым аттанып кетісімен Әбдіжан өзіне арналған бөлмеге дәрілерін, аспаптарын, қағаз, кітаптарын рет-ретімен қойып далаға шықты. «Темірлік» қыяларының аппақ қар басып тұнжырап тұрған шоқыларына мінбелей күн де батысқа еңкейген. Ауыл үстіне көсіле көлбеген көлеңке төніп, айнала қоңыр тартып келе жатыр. Қар астынан жаңа ғана қылтыйып, көгі көтерілмеген тепсең әлі қара қожалақ өңін өзгерткен жоқ. Қолында сумкасы бар Нұрман ентелей басып, Әбдіжанның қасына келді.

— Шәкірт жолдас, оқу қалай? — деп Әбдіжан өзіне еркелей сәлем берген баланың басынан сыйпады.

— Жақсы.

— Мектеп алыстау-ау, ә? Терлеп қалыпсың.

— Жоқ, алыс емес қой... Ауылға қой келіп қалар, ертерек барып, бүгін туған қозыларды түстеп алайын, деп асыға жүгіріп едім.

— Жақсы. Оның дұрыс-ақ. Мен де бүгін келдім, енді екеуміз төл түстесетін боламыз ғой.

— Я, — деп Нұрман кішкентай мұрынын бір тартып, күлімсірей жерге қарады. Оның бетіндегі секпілдері жазға салым мүлде көбейіп кеткен еді. Малға қарасып, төлге араласқаннан бері тотыға қоңыр тартқан өңі бұрынғысынан да күреңдене түсіпті.

Мал дегенде жарғақ құлағы жастыққа тимейтін елгезек Нұрманның мінезін Әбдіжан ерекше қызық көретін. Әбдіжан «Қурайлы» колхозының қой фермасына араласқалы Сайдахмет үйінің өз адамындай үйір боп кеткен.

Сайдахмет қорасына кілең арқар тұқымды қойдың топталып іріктелгеніне быйыл үшінші жылға айналды. Үш жылдан бері төл алуда Нұрман бір қозыны қақтықтырып көрген жоқ. Оның кейбір қозыны, енесін көрмей бұрын-ақ «мынау бәлен саулықтың қозысы» дегені мүлтіксіз дәл келеді. Бірінен-бірін айырғысыз жебе құлақ қойлардың, айнымай тартып туған қозыларын бұлжытпай таныйды. Нұрман жас төлді тек көріп қана қоймай, мінезіне де көңіл аударады. Сергек пе,

болжыр ма, тоқмейіл ме, ашқарақ па, заржақ маңрауық па, жас төлге ол өзінше сын айтады. Ол сыны бұлжымай дәл шығады.

...Екі достың әңгімесін бөлген ауыл қасына қаптап келіп қалған қалың қой болды. Жас төлдердің ыңғайымен қойды жай қаптатып келе жатқан Сайдахмет Әбдіжанға қарай жүрлі. Оның екі қойынан екі қозының басы қылтыяды. Қасына келген қартқа Әбдіжан:

— Сайдеке, бағар көбейсін, — деді.

— Айтқаның келсін, аман-сау келдің бе. Молдақым кетті деп еді, жолықты ма? — деп Сайдахмет барлық жайды қамтый амандасты.

— Әке, мына қозыларың не, қойыңа неге салдың? Аяқтанбады ма әлде шала туған ба? — деп Нұрман әкесінің қойындағы қозыларды қолына алып, көре бастады. Жебе құлақ, уяң жүн, ақ қозылар, сүйкімді реңін бұзбаған күйінде, үлбіреген жас еріндері мен Нұрманның қолын жалмап қорек іздегендей болды.

Уяң, тығыз, ақ жүндері күп-күрғақ, қолға жібекше майда тиеді. Нұрманның алдымен сыйлап қарағаны да қозылардың жүні болды. Шала туса, қызыл шақаланып терісі көрініп тұрар еді. Бірақ, бұл қозылардың жүні жетіліп, толып туғандығы байқалады.

— Шаласы несі, қайдағы сәлекет сөз аузына қайдан түседі, осы? Үш қозы болған соң нәренжу бола ма деп, сақтанып қойыма салып келдім.

— Үшеу дейсің бе? — деп Нұрман қуана күліп, үшінші қозыны тағы да қолына алып: — Мына қозылар Шашалманның қозысы ғой. Алақай, үшеу тапқан екен ғой! — деді. Әбдіжан жымыйып:

— Шашалманың не, қайдан білдің оның қозысы екенін? Мынаның айтқаны рас па? — деп Сайдахметке қарады. Сайдахмет баласының зеректігіне сүйсініп кетіп:

— Өзі айтсын, — деп Нұрманды нұсқады.

— Мына бастарындағы екі мүйіз құсап тұрған кішкене тұлымшағын көрдіңіз бе, дәл Шашалманың тұлымшағы. Әке, айтшы, солай ма? — деп бала әкесіне еркелей қарап, үш қозыны қыса құшақтады.

— Осы шіркін қозымен тілдес білем, қой мен қозының бәрінен бір белгі тауып, өзі түстеп жүреді, — деп Сайдахмет баласының дәл тапқанына мақтанғандай, Әбдіжанға көзінің құйрығымен бір қарап қойды. Әбдіжан Нұрманның танығыштық мінезіне бұрынғыдан да қызыға түсті. Ол өзінің қалтасындағы есеп кініжкесіне мына үш қозыны жазып алды.

Ымырт жабыла қойды қоралап жұрт үйге кірді.

— Нұрман жолдас, көзің неше қой үшеу тапты. Осы сенің Шашалманың жылда үшеуден таба ма? Жоқ, быйыл ғана үшеу тапты ма? — деп Әбдіжан жаңадан сөз қозғады.

— Кешеден бері екі қой үшеуден тапқан еді. Егізден тапқаны көзіңде жыйырмадан асты. Быйыл егіз жылдағыдан да көп. Шашалман былтыр егіз тапқан болатын.

Нұрман осыны айтып болған кезде бағанадан дом-



быраны дыңылдатып жантайып жатқан қарт шопан Тұрған ұнатпаған пішінмен балаға қарап:

— Осы сен, жыпылықтап, не болса соны айтасын. Мен саған әлдеқашан айттым, жас төлді санама деп!— Шопанның даусы кейінгі сөзді айтқанда қаттырақ шықты. Қолындағы домбыраны да қаттырақ қақты да басын көтеріп алды. Әдетте сөзге сараң Тұрғанның әңгімеге араласа бастағанын сезе қойған Әбдіжан:

— Тұрған, егіз қозылардың туысы қалай, көңілге ұнай ма, шыйрақ толық па? Жоқ, нәренжу туғаны да бар ма?

— Жоқ. Быйыл қозының туысы жақсы. Ертең бәрін де көрсетемін. Салмағы жақсы. Былтырғы кейбір қозысы нәзік туған саулықтарды ауыстырдық қой,— деп, Тұрған төл туысына көңлі тола сөйледі. Бұлардың әңгімесін қора жақтан маңраған қой даусы бұзып кетті.

Алғашқыда елең етпесе де, қойдың даусы екінші шыққанда:

— Мына маңыраған бүгін қоздаған сыйда сары саулық қой. Тегі қозысы жете ембеген ғой,— деп сабағына жаңа отыра берген Нұрман кітаптарын қоя салып, орнынан атын тұрды. Баланың бұл ісі Әбдіжанға ой салды. «Қалың қойдың даусына дейін айыра білетіні рас па екен» деген күдікпен ол да далаға шықты.



Сегіз-тоғыз жаңасынан туған ай, ашық аспанда толықсый жүзіп, мұнарта көкшіл буға малынған тау сілеміне сәуле төге жерге үңіледі. Ашық қотанда дөңгелене жатқан ақ қойлар жайымен ыңыранады. Әбдіжан далаға шығысымен айналаға көз жүгіртіп, Нұрманды іздеді. Оған басқа қойлардан оқшау қозысын іздеген бір қой көрінді. Ол сол қойға қарай беттеді. Оның алдынан қолтығында қозысы бар Нұрман шыға келді.

— Айттым ғой, мына болжыр боз ембепті,— деп Нұрман қозыны енесіне табыстырды. Сыйдалау ақсары саулық қозысын танып, еміреніп қоя берді. Баланың мынау түн ішінде бүгінгі туған бірнеше қозыны қақтықтырмай дәл танып әкелгені, қойдың сырын маңрауынан білуі Әбдіжанды әбден сүйсіндірді. Әбдіжан Нұрманның қасына келіп:

— Сен орта мектепті бітірген соң, қай оқуға барасың? — деп сұрады. Нұрман біраз бөгеліңкіреп тұрып:

— Мен малдәрігері болуды жақсы көрем...

Қаршадай Нұрманның сезімтал зейні кәзірдің өзінде осындай. Ал, советтік озық ғылымға жетілгенде, қандай тамаша адам болар екен! Бұл ғылымға қандай жаңалық қосар екен? — деп Әбдіжан тағы көп ойларға кетті.

Ж А С Д О С Ы М

Сәуле біздің көршіміз,
Күнде ойнаймыз қорада.
Сағынып қалам Сәулені,
Бір күн өтсе арада.

Кеше Сәуле алқынып
Алдымнан шықты күлімдеп:
— Құттықтаңыз, ағатай,
Бүгін туған күнім, деп.

Қуаныш ойнап көзінде,
От шашады жанары.
Сәуле толды жетіге,
Мектепке быйыл барады.

Өзі еккен гүлдей гүл жайнап
Жүреді Сәуле қасымда.
Гүлге ұқсайды өзінің
Лентасы да шашында.

Бал мінезді, қылықты,
Жаны құмар сұраққа.
— Қара торғай күз кетіп,
Қыстап қайтты қай жақта?

— Тауға тағы қар жауып,
Мұз айдыны бола ма?

Айтшы, ағатай, тағы да
Исакова оза ма?

Озады десең, қуанып
Мәз болады, күледі.
Білмеймін десең, мұнайып.
Сөйлемей бір аз жүреді.

Бітпейді оның сұрағы
Білмегі көп өмірден.
Ойы таяз, сөзі анық,
Меруерттей төгілген.

Көрген сайын Сәулені
Қысыламын мен, бірақ.
Айтпаса деймін бір сөзді,
Қоймаса деймін бір сұрақ,


Сол бір суық сөзді оның
Білмегені — қуаныш!
Айтқан жоқ әлі, айтпас та
Соғыс, деп Сәуле сіре еш.

Күні ертең жас досым
Тақтасына мектептің:
Бейбітшілік, деп жазар,
Ураны бұл, деп, көлтін.

Т. ТӨГІСОВ



ӘНІШІ азамат



Повесть, жалғасы

Қ. ЖАРМАҒАМБЕТОВ

Суреттерін салған Н. ЛЕБЕДЕВ

12

Қазақ даласын дүбірлеткен атақты он алтыншы жылдың жазындағы Қоянды жәрменкесі Бөрібай басына төнген сәтсіздіктердің бастамасы болғандығын кейінгі жылдар дәлелдеді. Содан бері ол адуын сөйлеуінен де тыйылды, жайсандық салтынан да жаңылды. Біріне-бірі жалғаса жеткен тосын хабарлар оның еңсесін баса түсті. Ақ патша тақтан құлады, Керенский үкметінің де туы жығылды, жұмысшылар үстемдігі орнады деген сөздер Бөрібайға кеудесіне қадалған суық найзадай боп тиді. Ол болашағына үмітсіздікпен үйіліп, үрейлене қарады. Оның үстіне, сүйенішім болады деп дәмеленген баласы Дәулет адвокаттық оқуын тастап, Омскідегі кадет корпусына түсті. Оны бітірмей жатып-ақ бандаларға араласты. Ақырында Дәулет Колчак әскерінің офицері болып кетті. Соңғы үш жылдың ішінде Бөрібай, өз баласының жүзін көру былай тұрсын, тіпті адресінен де адасып болды. Қат-қабат ойлар, іштей арпалысу үстінде Бөрібай баласына үзілді-кесілді сөзін айтып, осы жылдың басында хат жазды.

«Шырағым, Дәулет, мен қажыдым. Дүкендердің көбі жабылып қалды. Қала кедейлері ыйыққа шығып барады. Ақ пен қызылдың жанжалы тозанның астында қалатын жай бар. Қыраулы қыс та берекені қашырып тұр. Қырдағы мал қырылып жатыр. Шын пайданды тигіземін десең, шылбыр берер кезің жетті. Әкеңнен беземісің, Семейге кел», деген болатын. Содан бері Бөрібай екі көзі төрт болып баласын күтуде еді...

Апрельдің бас кезі еді. Оңтүстіктен өкпек жел гүлеп, қора сыртындағы қалың қардың берекесін кетіріп, астынан кеулеп жатыр. Әміре қақпа түбіндегі көбіктен аққан қар суына ат суарып қораға беттегенде, күн ұясына кіріп, көз байлана бастаған еді. Ол жегін аттарды жемге қойып, далаға шықса, сары қақпадан жалғыз салт атты кіріп келеді екен. «Бұл кім?» деп тесіле қарап тұрған Әміренің қасына жақындай беріп:

— Аман ба, Әміре? — деп, сәлемдесті жолаушы.

— Аман. Дәулеттің? Даусың өзгеріп кетіпті ғой. Жүрісің суыт сыяқты, не хабарың бар? — деп, Әміре атын байлады. Дәулет суыт жүрісінің мәнісін айтудан жалтарып, өз үйінің амандығын сұрастыра бастады. Екеуі жүре сөйлесіп, табалдырық алдындағы шам түбіне келгенде, Әміре Дәулеттің сырт пішініне, үстіндегі киіміне тандана қарап тұрып қалды. Оның үстіндегі қара шинель, ыйығындағы оқалы погон, басындағы қоқыма фуражка, маңдайындағы адамның қу басының үстіне айқастыра жапсырған қос жілік суреті Әмірені селт еткізбей қоймады. Дәулеттің үстінде бұрынғы күзен ішік те жоқ, қаракөк бастоннан тігілген костюм де жоқ, көк шұға шляпа қалқанының көлеңкесіне көміліп ақша жүзіне өң беріп тұратын сұлу мұртынан да айрылыпты. Бет әлпеті де қан-сөлсіз, реңі тым қуқыл

көрінеді, түсі де суып кеткен сыяқты. Соңғы айлардың ішінде Семейде Дәулет туралы кәуесет көп таралған болатын. «Дәулет жан алғыш атаныпты», «Дәулет Омскінің қанды балақ ұрысы болыпты», «Дәулетті — ажал дейді екен» тәрізді хабарларды әркімдер-ақ айтатын. Сол кәуесеттердің біразы рас екенін Әміре оның сырт пішінінен көріп тұр. Бірдемеден сезіктенген кісіше Дәулет Әміренің бетіне ажырая бір қарады да:

— Әміре, неменеге таңданып тұрсың? — деді.

— Қашып келдің бе?

— Онда сенің жұмысың болмасын! — деп, Дәулет үйге кіріп кетті.

Сол түннен бастап Бөрібайдың конторы ақтар мен алаш қарақшыларының жыйын орнына айналды. Сол түннен бастап Бөрібай үйі де абыржуда болды. Көшпелі көк дүкендер де, дестелі товарлар да, көк арбалар мен көк өгіздер де арзан нарықпен сатылып жатты. «Саудам жүрмеді, борышым шашымнан асып кетті» деген сылтауларға сүйеніп, сәудегер бар малы мен мүлкін ақшаға айналдырып, жамбасына алтын, күміс толы қапшықтарды басты.

Қала базарының нарқы өсіп кетті. Азық-түлік қоры азайып, қала халқында күйзеліс басталды. Күнкөріс қыйынға айналғандықтан Әміренің өзі Әлпейіс қарттың қолына шықты да, анасы мен апасын елдегі нағашысына көшіріп жіберді. Кәзір Әміренің шым лашығы ақ бандалардың ат қорасы. Бұл күнде Әміре өз үйінің маңайынан да жүре алмайтын болды.

Ертістің екі жағы біріне-бірі өшпенді екі дүниедей. Жатақ қаласында ақтар, Семей қаласында қызылдар. Семейдің әр қақпасында желбіреген қызыл тулар тұрады.

Семеймен арадағы қатынас тоқталғалы Әміренің де жұмысы азайды. Қөбіне ол домбырасын тартып, өлеңін айтып, жатақ қаласының шеткі үйлерінде көп жүретін болды. Кей түнде Ертістің аржағына жасырынып өтіп, Семейге большевиктер әкелген жаңалықтармен танысып қайтып та жүрді. Ол Нұртаның үйіне барып, әңгімешіл қарттан жаңа дүниенің сырын тыңдайды. Кейде Нұрта қуланып «Жолдас Қашаубаев» деп бастайтын әңгімесін. Әміре Семейде тұрақтап қалғысы келіп те жүрді, бірақ жау аранына Әлпейісті жалғыз тастап кеткісі келмей, сол жаңалықтарды Жатақ қаласында тұрып қарсы алуға бел байлаған болатын. Соңғы уақытта Әміреге іштей сезіну пайда болған тәрізді. «Жалшыға бостандық берілді!», «Кедейлер кегінді ал!» деген ұрандарға құлақ түреді. Бірақ, ұлы дүбірге қалай араласудың жолын таппай, Бөрібаймен жүздесіп ашық сөзге келудің орайын келтіре алмай жүр. «Әкемді азаппен өлтірдің, әнімді тұтқын еткің келеді, мені атшылықтан басқаға дәрмеісіз деп санайсың, сенің-ақ

ызаң өтті ғой» деп айтқысы келсе де, Бөрібайдың төңірегіндегілерден жасқаншақтай берді. Біржағынан «Әмірежан, сәл сабыр етелік, Бөрібайдың қақпанға түскен қасқырдай жанталасуы қанша ұзаққа барар дейсін, аңысын аңдай тұралық», деп Әлпейіс қарт тартпақтайды.

Сол себепті ол жатақ қаласындағы алаш жастарының сауық-сайранына араласпады. Аузымен орақ орған желөкпелерден бойын аулақ салды. Бір күні көшеде домбырасын ұстап кетіп бара жатқан Әміреге алаш жастарының бірі кездесе кетті де, шешенсіп сөйлей бастады.

— Жатақ қаласын — Алаш қаласы деп атадық, алаш жастарының журналын шығара бастадық, алаштың әскерін құрып жатырмыз. Әміре, сен осы жаңалықтың біріне селт етпейсің? Не ойың бар? — деді ол.

— Мен алаш-палашынды білмейтін қазақтың. Бірақ, сендердің маған берерлерің жоқ екенін ұғамын. Жүз жаңалық жасадым дегендер, мың құбылындар, тіпті дүниені төңкеріп қойдық дегендер, сонда да Бөрібай үйінен арақ-шарап ішіп мас болсандар, соның айтқанын істейсіңдер. Оның несі жаңалық?

— Немене, сенің бүйрегің қызылдарға бұра ма? Большевиктісің?

— Бүйрегім өз орнында. Мен ешкім де емеспін, атшымын. «Улт-сұлт» деген сөздерің құлағымда да кірмейді. «Құл жыйылып бас болмас» деп күнде қақсайсыңдар, сендердің тобыңнан не аламын мен?

— Сені билеген желіктің төркінін таныдық. Байқа, Әміре, атшылығыңа зар боларсың! — деп іш мерез сұрша жігіт зіл тастады.

— Манадан бергі айтарың осы болса, қоян бұлтақтың керегі не еді, — деп Әміре ат қорасына қарай бұрылды...

Көктемнің сол бір айсыз түнінде екі дүниенің айкасы мен шайқасы басталып кетті. Арғы жағадан себеген зеңбірек оқтары, аспаннан ағып түскен құйрықты жұлдыз тәрізді, көк әлеміне жалын ізін қалдырып, үлкен көпірдің екі жағындағы жар қабақтың талқанын шығарып жатыр. Кейде жоғары ұшып, көпірдің жатақ қаласы жағындағы алаңнан окоп қазып жатқан ақ солдаттарының төбесінен түсіп, жендеттердің талайын окобына көміп кетеді. Ертіс көпірі үшін жүргізілген соғыс екі жақтан да көп адамды шығынға ұшыратты.



Қызыл әскер бөлімдерінің бір тобы Ертіс суынан қайықпен өтіп, енді бір тобы көпір үстіндегі жекпе-жек айкаста жауды кейін сырып, көпірді өздеріне қаратып алды. Олар атакаға шыққан бетінде ақ әскерлерінің окобына жетті. Қызыл әскерге төтеп бере алмайтындығын біліп ақ әскері жөңкіліп, Ертіс бойын қулай, Алтайға қарай бет қойып қаша бастады. Олар қызылдардың шабуыл екінін бөгесу үшін кез келген үйге өрт қойып, қала халқының басына әнгір таяқ ойнатып барады. Қала іші көк түтінге көміліп, сатырлаған ат туяғының илеуіне айналды.

Сол абыржудың ішінен сытылып шығып, қаланың батыс шетіндегі өз үйіне Дәулет тым суыт келді. Алтын толы қапшықтарын арбаға салып, бала-шағасын қасына отырғызып Бөрібай жүруге әзір тұр екен. Дәулет ат үстінен:

— Өскемен жолына! Өскемен жолына қарай жүр! — деді де қақпадан шыға бере шаба жөнелді.

Зәресі ұшып, есі кеткен Бөрібай қақпа алдында тұрған Әлпейіске:

— Атшы бала, не қып тұрсың? Келсейші, айдасайшы мына аттарды! — деді, сасқалақтап.

Әлпейіс сабырлы үнмен:

— Мен Әміре емеспін. Әлпейіспін. Мен ешқайда бармаймын. — деп сырт айналып кетті. Жаны ұртына тығылған Бөрібай:

— Әміре! Әй, Әміре! — деп айғайлады.

— Не айтпақ едіңіз, ақсақал? — деп, жай басып, аспай-саспай сөйлеп, ат қорадан Әміре шықты.

— Неге кердендейсің сен ит, қырылдық қой, кетеіік те!

— Бөке, сөкпеніз, қайда бармақсыз?

— Қайда болушы еді, Қытайға! Қытайға, деймін! Уқтың ба?

— Уқтым.

— Ендеше отыр орнына, айда атты!

— Жоқ, бұл айтқаныңызды орындай алмадық. Қытайда мені қай нағашым күтіп отыр дейсіз? Қытай менің не теңім, өзіңіз жүре беріңіз.

— Қап! Мына келейің кесірлігің қара! Көзіме күйік етпей сені атып кетейін! — деп Бөрібай ішкі қалтасындағы алты аттарына қолып сала бергенде, Әлпейіс оны тұ сыртынан қапсыра құшақтай алды. Әміре аузы ашылып қалған бешпент қалтасындағы алты аттарды суырып алды.

— Сізді мен атсам қалай болар екен? — деп, Әміре көздей бергенде, Бөрібайдың бала-шағасы шу етіп жылап қоя берді, Бөрібай үрейі ұшып арбадан құлап түсті. Әміренің кезеген қолына тағы да Әлпейіс жабысты. Орнынан тұрып-жығылып, тұрып-жығылып «бір жанымды қый», деп жалбарынған Бөрібайға:

— Жаның да, тәнің де өзіңе. Мің арбана! Батыр қараңды! Дымынды шығарма! Үндесең, атамш! — деді Әміре.

Бөрібай қалбалаңдап жүріп дөңбені ұстала да, дірілдеген әлсіз дауыспен «Әй-чу, әй-чу» деп қос торыға шыбыртқы көтерді. Ауыр жүкті ентелей тартқан қос торы қақпа сыртына шыға жорта жөнеліп, қараңғы түннің қойнына кіріп жоқ болды.

Маңдай шашын түнгі жел желіп Әміре қақпа алдында тұр. Оның қуаныш сезімі көрнеген жүрегі аузына тығылып, бөгде сөз айтуға шамасын да келтіретін емес. Бәлен жылдан бергі қожасы Бөрібайға бірер минут үстемдік көрсеткені оның азаттық жолынағы арманына бір адым жақындатып кеткендей. Әмірі ат айдап көрмеген Бөрібайдың «әй-чу, әй-чу» деген сөздері есіне түскенде, өзінен-өзі рахаттанып тұрып күлді. Сол бетімен атқораның аузында отырған Әлпейіске келіп:

— Я, ақсақал, суарып жемге қоятын қос торыны өгейсініп отырмысыз, — деп қалжыңлады. — Бөрібаймен он бес жыл дәмдес болған екенсіз. Мынау салтанатты

сарайын сізге қалдырып кеткен шығар, — деп, жаңа ғана тебіндеген сұйық мұртын бір сыйпап қойып, күлді.

— Әттең арбасына сыймай сорлады ғой. Әйтпесе мұнысын да Қытайына ала кететін еді.

— Үйінде ештемесі қалды ма екен?

— Әй, қалдырмаған шығар. Өткенін сатып, өтпегенін тамыр-танысына тықпалап жанталасқанына екі айдан асып кетті ғой.

— Дүниесінің ең тәуірі сары домбыра болушы еді, оны да сатып жіберді ме екен?

— Домбыраны сату сасып жүргенде Бөрібайдың есіне келді деймісің?

— Әлеке, «Шығындар түгі! Неге басындырады бұларын», деп, айғай салатын қара кемпір жоқ, үйге кіріп Бөрібайдың салтанатты сарайын емін-еркін араласақ қайтеді.

— Жарайды, — деп, Әлпейіс атқорадағы аспалы шамды алып шықты. Екеуі, есік, терезесі аңқылып ашық қалған кең бөлмелерді, ұзын залдарды аралап жүр. Есіз қалған қараңғы үй бұлармен қоса сөйлеп, жаңғырығып тұр. Бөрібай есік, терезесінің қола тұтқаларына шейін тонапты, құлыптарын да сыпырып алыпты. Әр бөлмеде төрт қабырға мен тоналған есік, терезеден басқа дәнеме жоқ. Әміре Дәулеттің бөлмесіне кірмек болып есігін тартып еді, ашылмады. Ол қасында шам ұстап тұрған Әлпейіске:

— Мана, кешке таман, қара кемпірдің «Әлгі Ақмұрт иті неге келмей жатыр. Қарасы батқырдың қарасы батқан ба?» деп жүргенін естіп едім. Ақмұртқа қалдырған дүниесін осы бөлмеге тыққан ғой, сірә.

— Ақмұрт та қу емес пе, қашып бара жатқан Бөрібай қызметтен шығарады деп қорықсын ба, ақша бермесе де сол дүниенің өзіне қалатынын біліп отыр ғой.

— Әлеке, жақсыны көрмек үшін демеуші ме еді. Осы есікті мен ашсам, күнаға батпаймын ба?

— Ішінде сары домбыра қалған болса, сауапқа батасың. Көз алдымызда домбыраны түрмеге салып қойып отырамыз ба, аш!

Әміре атқора мен жемсарайдың кілттерін салып байқап еді, есік ашылмады. Күшке салып көрейін деп еді, тұтқасы жоқ есіктің қолға ілінер жерін тағы таппады.

— Бөрібай аямаған есіктерді мен аяп қайтемін — деді де, мұз оятын қара сүйменмен есікті бұзып ашты. Бөлмеге кіріп келсе, бұрынғы орнында қара пианно тұр, еденде бұрқыраған қағаз, кітаптар жатыр. Әміре шашылған кітаптардың арасынан өзіне таныс былғары тысты, сыртына алтынмен жазған үлкен кітапты алып:

— Дәулет «дүниенің көркін» қалдырып кетіпті ғой, — деп кітапты қолтығына қысты.

— Саған керек дүниелері де қалыпты ғой. Көремісін терезе алдындағы сары домбыра мен көне гармонды, — деді Әлпейіс. Әміре домбыра мен гармонды кезек-кезек қолына алып, пернелерін басып, тартып жібергісі келіп оқталды да, кенет тоқтай қалды. Оның ойына арнасы бір болғанмен, ағысы басқа бір әңгіме желісі түсіп кеткендей.

— Шынында да көркем жасалған дүние екен. Кім жасады екен. Дүниеқор Бөрібайдың тастап кетуге көзі қалай қыйды екен? — деді де, Әлпейіс домбыраны қолына алып, оның сұлу мүсініне таңдана қарады.

— Несіне таңданасыз, Әлеке? Асыл дүниені жасаған жұрт, қызығын көрген Бөрібайлар сыяқты жері күрт емес пе? Ат ерттей білмейтін Бөрібай жасады деймісіз мұны? «Итке алтыннан арзан жоқ» дегендей, Бөрібай домбыраны қайтсін? «Тастап кетуге көзі қалай қыйды екен» дейсіз. Домбыра қарақшыға қару бола ма?

— Өз дүниеміз десейші өзімізге қалдырып кеткені. Сары домбыраның түрмеден шыққан құрметіне мына сарайды басыңа көтеріп безектетіп жіберші.

— Әлеке, домбыраның түрмеден шыққаны рас. Бірақ, Бөрібайды әнмен аттандыруға болмайды. Өзі айтқандай жалақ сарының нарқын көтеріп аламыз. Домбыраның өз дүниеміз екені де рас, сондықтан оны емін-еркін отырып сіздің үйде тартатын боламыз.

— Жарайды, шырағым. «Атқораны басқаның жын ойнағына айналдырдың» деп Бөрібай сыңдырып тастайтын қарағай домбыраның төлеуі қайтты ғой деймін, — деп Әлпейіс домбыраны Әміреге берді.

Бұлар ұзақ кеңестің қызығына түсіп кетіп сыртта не болып жатқанын аңғармай қалыпты.

Әміре сөзін бөліп терезеге қарап еді, қақпа алдында дабырлай сөйлесіп төрт-бес кісі жүр екен. Әлпейіс шамын сөндіріп жуан кітап пен гармонды үйіне әкелті де, Әміре домбыраны қолына ұстаған бойы, жүгіре қақпа алдындағыларға беттеді. Құлан иек таң да атып қалыпты. Қызыл әскерлер Бөрібай қақпасына қызыл туды қадап жатыр екен. Толқындаған қызыл ту таң шұғыласына бөленіп желмен ойнап, желбіреп аспанға көтерілді. Тудағы қызыл жұлдыз бен балға-орақтың суретіне қызыға қараған Әміре, алғаш амандасқан қазақ жігітінен:

— Бұрынғы туларда екі басты самырқтың суреті болушы еді. Сіздердің туыңызға балға мен орақтың суреті салынуының мәні не? — деп сұрады.

— Ертегілерде самырық — қандыбалақ, қайрымсыз құс демейтін бе еді? Патшаның туларына самырық суреті салынуының мәні — халыққа қайырым жоқ, қарсы келсең, қаныңды ішемін, дегені болатын. Біздің туымыздағы балға мен орақ қала жұмысшысы мен дала шаруасының достығы, сол екеуінің арасындағы берік бірліктің белгісі. «Жұмысшы мен шаруа қаныңды төгіп бостандық алдың, сендердің қандарыңа боялған қызыл ту жаңа заманның жаршысы, осы тудың астында жаңа өмірді жасау майданына аттан!» деген игі тілекке бастайды бұл белгі.

— Онда атшы мен қойшыларға не айтасындар? Қазақ — мал баққан ел, біздің таяғымыз бен шыбыртқымыздың суретін қосуға болмай ма?

— Дихан мен малшының айырмасы жоқ — бәрі шаруа, шаруаның бір құралы бар құралының белгісі болады да.

Әміре әскери жігіттің байсалды жауабына іштей разы болып, сырт сыпайылығына таң қалды. Бұл жігіттің, адуын сөйлеп әкірендей келетін ақ солдаттарының топас мінездеріне тіпті ұқсамайтын, сыпайылық пен әлептілік көрсетуі Әмірені қатты ойландырған еді. Ол ішінен «Нүрекеннің айтқаны рас екен ғой. Қызыл дегенің болмашы дүниеге қызықпайтын, әділетке ашық төреші болып, әрекетін ақылмен істейтін адамдар екен ғой», деп түйді.

— Біздің Семейдегі бір шалымыз. «Қызылдар келгелі қала өмірі жаңарып кетті» деуші еді. Ол жаңалықтар енді жатақ қаласына да келе ме? — деп сұрақ берді.

— Жаңалықты сіз бен біз бірлесіп жасайтын боламыз. Жатақ қаласы — Жаңа Семей болып атанбақ. Жаңалықтың басталуы осы емес пе? — деп, әскери жігіт Әміренің бетіне қарады.

— Жаңа Семей! — деп, Әміре ойлансып қалды. Өз қаласының жаңа аты көкейіне қона кеткендей, тауып қойылған ат екен, — деді ішінен.

Әскери жігіт қолындағы сағатына қарап:

— Біз қала еңбекшілерінің жыйылысын шақырушы едік. Уақыт тығыз ғой, кейін кең отырып кеңесетін боламыз, — деп, Әміремен қоштасуға ыңғай білдіріп, қолы соза бергенде, оның домбырасына көзі түсіп кетті. — Манадан бері аңғармаппын ғой, домбыраның тамаша екен. Сіз я әнші, я ақын боларсыз. Атыңыз кім? — деді ол.

— Атым Әміре, әкем аты Қашаубай. Ақын емеспін,

өптеп ән саламын. Бөрібайдың атшысы болушы едік, қожамыз Қытайға аттанғанда, ұмытып кетсе керек. Домбыраны Бөрібайдың жұртында қалдырмайын деп ұстай шығып едім.

— Атыңызды естуім бар. Губком қызметкері Әлиев жолдас сіздің әншілігіңіз жайында біраз әңгіме айтқан еді.

— Әлиев? Губком? Олар мені қайдан біледі екен?

— Таңданбаныз, Әміре жолдас. Губкомдағы жолдастар сіздің болашағыңыз туралы сізден бұрынырақ ойлап қойған көрінеді. Сіздің әлгі бір сөзіңізге оралайықшы. Сіз: «Домбыра Бөрібайдың жұртында қалып қойыпты» дедіңіз. Олай болмас. Домбыра Бөрібайдың жұртында қалмаған болар, шын несін енді тапқан сыяқты ғой. Бұл үй біздің қазармамыз болмақ. Қызыл әскерлер сауықшыл халық. Біздің жігіттердің ортасына келіп ән салуға қалайсыз, Қашаубаев жолдас? — деп, әскери жігіт әңгіменің бетін басқа жаққа бұрып әкетті.

— Тыңдаушысын тапқан әншінің арманы болады деймісіз. Шын шақырсаңыз келуге әзірмін...

— Сізден басқа ән салатын бұл маңда тағы кімдер бар? — деді.

— Семейде, Плещеевтің тері зауытында күзетші болып қызмет істейтін Нұрта деген шал ән салады.

— Ол қартты білеміз. Әнін де тыңдағанбыз. Тағы кімдерді білесіз?

— Жатақ қаласында Ақмұрт деген дүкеншінің Самик дейтін баласы ән салады, гармон тартады.

— Ол тыңшы болушы еді ғой. Ақтармен бірге кеткен болар.

— Оншасын білмедім. Ойын-тойда тақпақ айтатын, тамаша ойындар көрсететін басқа да бірнеше талапты бала бар.

— Ендеше сіз соларды жыйнаңыз. Ертең кешке қазармада сауық кешін өткізетін болайық, — деп әскери жігіт Әміренің қолын қысты.

Ат суарып, ат жемдеп, ат жегіп, ат айдаудан басқа да қызметке жарайтындығын Әміре сол минутте ғана сезгендей. Жаңа өмірдің жаңа тапсырмасы оның бойына тосын қуат беріп, жүрегінің терең түкпірінде сөніп қалған қуаныш сезімінің көзін ашып жібергендей болды. Ол жүгіре басып қақпадан шығып бара жатып, өзінен өзі қуанышқа бөленіп күлді. Ол үлкен өмірдің табалдырығынан аттағандай...

13

Семей қаласының базар алаңына иек арта тұрған темір шатырлы жатаған ағаш үйде үлкен думан болып жағты. Сәудегер әйел сары тегене толы салқын қымызды күміс ожаумен баптана сапырады. Кісі толы төрті бөлменің жарма есігін қайырып тастап, әнші, күйшілерге арнап, сырлы аяқтармен қымыз жөнелтіп отыр. Ауыздағы бөлмеге иін тіресе орналасқан жас пен кәрі өзара:

— Қымызға қандық, аңсағанымыз ән мен күй, қашан басталар екен, — деп күбірлеседі.

— Арамыздағы Мәдидің орны бөлек еді-ау. Марқұм осындайда асып-саспай-ақ, сабырмен отырып та есіп сөйлеп кетуші еді. Балалар, неге бөгелдіңдер, біреуің ақ серке боп бастамайсыңдар ма ән теңізіне? — деді, төрті бөлменің төрінде отырған ат жақты, ұзын мұрт-



ты, ақ шашты, қарт ақын. Ол жасы сексеннің жетеуіне жеткен атақты Жаяу Мұса болатын.

— Ақсақал рұхсат етсе, мен-ақ бастайын, — деп, тақыяны оң шекесіне қыйсайта салып, өткір көзді, дөңгелек бетті, аққұба жігіт шапшаң сөйлеп, домбырасын қолына алды.

— Иса қарағым, баста! — деп, Мұса қарт басын изеді.

Иса домбыра пернесін сүйір саусақтарын ойнақшыта басып, екі шекті бебеу қақтырып, бірден өз желдірмесінің желісіне түсіп кетті. Ақынның әні де тосын, әнге көмкеріле шыққан сөздері де жаңа еді.

«Жәрменке қызыл тулы тұрған жайнап,
Неткен ел сейіл, серуен салған ойнақ,
Сұлу ән, әдемі әзіл, сән-салтанат,
Шаттықпен гүлдей жайнап, жатыр ойнап.

Елім бар Қазақстан — алтын аймақ,
Бұлбұлмыз бостандыққа шыққан сайрап,
Шырқасын домбыраны Әміре алып,
Бір кезде жүрген жүйрік зығыры қайнап!»

деп, әннің қайырмасын көмей бүлкіліне салып, күйкылжытып аяқталы да, домбыраны Әміреге ұсынды. Отырған жұрт, бастығы Мұса қарт болып, Исаның әдемі әніне де, әніне жарасымды сөзіне де, жас ақынның тапқырлығына да таңданысып, жадыраққы шыраймен құрмет көрсетті.

— Иса тіпті дұрыс айтты, мәжлістің осылай басталуы керек. Ал, Әміре шырағым, іркілме, сөйле өзін, сөйлет домбыраны, — деді Мұса.

Әміре іркілген жоқ. Домбыра құлағының бұрауын шыйратып, бірнеше әннің ырғағын тартып өткенде, ақша бетіне қап жүгіріп, отты көздері жайнап кетті. Менде ән көп, қайсысын айтайын дегендей Мұса қартқа қарады.

— Мен Әміренің әншілігін сонау бір жылы-қоянды жәрменкесінде естігенмін. «Қараңғы түнде тау қалғып», «Жыйырма бес» әндерін тыңдап құлақ құрышын қандырған едік ғой. Соңғы жылдарда Әміре Ахан әндерін жақсы айтып жүр дегенді естимін, «Құлагерді» айтқызсақ қайтеді? — деп қарт ақын үйде отырғандарға сөз тастады.

— Мүсеке, шын айтасыз. Өткен жылдың күзінде бір жұмысым болып осы Семейге келдім. Менің келуіме арнағандай Семей жастары сауық кешке әзірленіп жатыр екен. Әнші, күйшілер келеді деген соң мен де бардым. Бір кезде сахнаға Әміре шықты. Әміренің «Құлагерді» айтқанын сонда естіген едім. Әміренің өзі отырғанда, әншілігін әңгіме етпей-ақ, әнін естігеніміз жөн болар, — деп Естай Мұсаның сөзін қуаттады.

— «Құлагерді» қызыл әскерлер кешінде айтқанда Әмірені солдаттар қақпақыл етіп көтеріп әкеткенін көргенмін, — деді Иса.

— Біздің ауылдағы қосшылар тобының тойында Ахан әндерін айтамын деп, Әміре айдалып кете жаздаған, — деп Қалибек күлді.

— Неге! — деп, Мұса қарт Қалибекке оқыс бұрылды.

— Әміре Аханның екі — үш әнін айтқаннан кейін, қосшы ұйымының хатшысы болып істейтін Төкен деген жас жігіт «Басындар, жолдас аяққаны» айт, деді. Әміре ол әннің домбыраға қосып жеке кісі айтуға келмейтіндігін ескертті. Сөйткенше болмай, Төкен орнынан шатнай түрекеліп: «Жасаймыз актаны, айдатамыз мұны, революция жырын айтудан бас тартады да, байдың қызы мен атын мадақтайды», деп қағазына жармасты. Әміренің түсі бұзылып кетті. Бидай өңі күренденіп сала берді. Төкен, әншінің беркесін кетіре бастаған соң, ауылдың ересек жігіттері сөзге араласып, баланы эзер тоқтатты. Ол-ол ма, сол түні бәріміз жабылып Төкенге Ахан әндерінің қосшы ұйымына қарсы еместігін түсіндіре алмадық қой. Шынды айтшы, Әміре, сол баладан мықтап сескендің ғой деймін. Төкен десе, төбе шашың тік тұратын шығар, ә?

— Сен де жоқтан өзгені әңгімелеуге жалықпайды-ақ екенсің. Төкен сен айтқандай ұрдажық жігіт емес. Осында жүрген жастардың уыты барының бірі. Жас шағында қызбалық мінез кімде болмайды. Кәзір Ахан әндерін сенен кем ұқпайды.

— Қалибектің әзілі таусылушы ма еді, жетеді енді, қойындар, Әміреге ән салдырайық, — деді де, Мұса қарт баста дегендей, әншінің жүзіне көз қыйығын тастады. Қалибек күле отырып қарт үкіміне көнді.

Әміре «Құлагер» әнін домбыраға сазбен бір тартып өтті де, даусын аса көтеріп асқақтатпай, жібектей шыйратылған қоңыр үнмен бастады әнді. Әншінің үнінен Аханның жан күйігі, жүрек толқыны, өкініш пен өшпенділік сезімі шертеді. Ән үй ішіндегілерді Ереймен тауының етегіндегі кең жазыққа, қарағайлы орманның ішіндегі қара жолға, қанға батып жатқан Құлагер саңлақтың басында жасын төгіп жалғыз отырған әншінің қасына алып келгендей.

— Қарабай жалғыз Баян сұлуды малым десе, Ахан Құлагерін жаным, аспанға ұшатын қанатым, деуші еді. Аты әншіге жарасқанын көріп едім, мынау ән Құлагерді де, Аханды да мәңгілік өлтірмейтін ән — деп, Мұса қарт көзіне жас алды.

Үй іші үнсіз. Ән аяқталғанда аласа үйдің төбесін бұлтқа серпіп тастарлық күші бар, ауыр күрсініп отырған жұрттың әрқайсысының көңіл күйін баян етті.

— Әміре әнді шырқап салса, терезені сындырады, әнді баппен айтса жүрегінді қытықтап, көзіне жас әкеледі. Осы Әміренің әндерін әңгіме етіп қана отыралықта, домбыраны басқа біреуге ұсынсақ қайтеді, — деп, Қалибек қалжыңына қайтадан басты. Көпшілік езу тартып, қайта жадырады...

Бұдан кейін Майра, Қали әнші, Естай жүйрік ән салды. Домбыра мен гармон бірінен біріне көшіп, дала саңлақтары сол түнді ән мен күйге бөледі. Қазақтың барлық әні мен күйі таң саз бере далаға шыққан Әміренің құлағында тұрғандай. Сол бір түн Әміреге даланың көшпелі консерваториясына ең соңғы емтихан өткізгендей әсер қалдырған еді. Оның әншілік өрісі кеңіп, ән жайындағы білігі шалқар көл тәрізді болып кеткен сыяқты. Жалынға оранып дөңгеленіп келе жатқан үлкен шардай болып күн ұясынан көтеріле бастады. Таң сәулесіне маңдайын тосып, Әміре келер күндердің қуанышы мен бақытына ой жіберіп далада ұзақ отырды.

14

Семей көшелерінде кетіп бара жатқан жұрт, облыстық атқару комитеті алдындағы алаңға қойылған репедуктор түбіне жыйналысып қалды. Радиодан шарық-



тап шыққан асқақ ән — Әміре әні екенін олардың әрқайсысы бір-бірінен сұраспай-ақ біліп тұр. Әншінің үні радиодан тыңдағандарға жайшылықтағыдан анағұрлым күшті, тіпті арынды боп естіледі. Репродуктордың қалқанын тас-талқан етіп жарып жіберерліктей қуаты бар. Тыңдаушылар өзара кеңесіп:

— Әміренің даусы-ай, айызыңды қандырып, еркінді билеп кетеді-ау! — деседі.

Микрофон алдына шыққаннан бері әнші де көңілді болатын. Бұрын әнші жайында әңгіме қозғаған қазақ «рәлен әншінің даусы түстік жерден естіледі екен,» деп таңданатын. Қазір Әміренің даусы ай жүріп әзер жететін қазақ даласының түкпір-түкпіріне естілетін болды. Семей радиосының толқынына құлақ тұру Жайық жағасындағы малшының да, Сыр бойындағы егіншінің де, Ақмоладағы оқушының да, алыс Торғайдағы Аманкелді сарбазы болған әйгілі жыршының да, жаңа астана Қызылордадағы жас ақынның да салтына айналды.

Әміре радиодан шыққан бетінде, «халық ертең қандай әндерді айтуды қалайды екен? Ең алдымен соны білгеніміз жөн болар» — деп, губерналық оқу бөліміне кіретін.

Сол әдетін бұзбай, Әміре бүгін де губерналық оқу бөліміне кірді. Ол бір қатар қызыл үйдің маңдайшасындағы Ленин мен Сталиннің суреттеріне көз қыйығын салып ілгері жүре бергенде, көшенің екінші жағында келе жатқан көзілдірікті сары жігіт дауыстап:

— Әміре, сені қолға түсіру де қыйын болды ғой. Кеше шақырып кел деп кісі жіберіп едім, таба алмапты. Саған Москвадан телеграмма келді. Жүр, кеңсеге кіріп таныс, — деді. Ол губерналық оқу бөлімінің бастығы Сырбай болатын. «Маған Москвадан телеграмма берген кім болды екен?» — деп таңданды да, Әміре бастыққа еріп кеңсе есігін ашты.

Сырбай кабинетіне кірген бетте стол тартпасын ашып, Әміреге телеграмманы ұсынды. Әміре орыс тілін шорқақтау сөйлегені болмаса, оқыған текстің жақсы түсінетін. Телеграмма губерналық оқу бөліміне арналғанмен, жазылған сөздері Әміреге бағытталыпты. Телеграммадағы сөздер мынау еді:

«Қазақ әншісі Әміре Қашаубаев Парижда ашылатын жержүзілік көрмеде берілетін этнографиялық концертке қатысуға келісім бере ме екен? Соны тезірек хабарлауыңызды сұраймын. Жол қаражаты мен гонорары төленеді. Мерзімі июнь, июль айлары. РСФСР халық оқу комиссары Луначарский».

Атшы Әміре Москваға шақырылады, онан әрі Парижға барады, деген ой әншінің үш ұйықтаса түсіне де кірмеген жаңалық. Телеграмманы оқып шыққанда, оның қуаныш билеген жүрегі алқынып аузына тығылды. Не айтарын білмей, алдында отырған Сырбайға күлімдеп қарай берді.

— Луначарский менің домбыра ұстаған қазақ екенімді біліп отырған болар. Жауапты менен күтсе — барамын.

— Жарайды, жүре бер, Әміре, өзіміз хабарлаймыз...

Семей вокзалы. Әмірені аттандыруға жыйналған достары. Соның бірі Әлпейіс қарт. Оның қолында былғарыдан жасалған солдат сумкасы. Шықшытына шейін

қаулап, үршип тұратын бұрыл сақалын дөңгелетіп әкей иектің үшіне ғана топтапты. Бұрыл мұрты да ықшамдалып сыпайыланып қалыпты. Үстіндегі сары гимнастерка мен аяғындағы сары етік шағын денесіне қандай жарасып тұрса, басындағы барқыт кепке қызыл шырайлы дөңгелек жүзін соншалық өңдендіріп жібергендей. Танымайтын елге, қашық жерге аттанғалы тұрған Әміресімен қоштасудың ебін таппай, ұялып теріс қарап тұрған жас келіні Оразкені жұбатып, Әлекең қалжың араластыра сөйлейді.

— Келін шырағым, поезға отырып барып, ән салып қайту Әміреге ат айдаудан қыйын болар деп тұрмысың? Оның Парижға Дәулеттен бұрын барғанына той жаса, — деп күліп те қояды Әлпейіс.

— Дәулет Парижға менен бұрын барып қойса, келініңіз босқа шығынданбай ма? — деп әңгімеге Әміре араласады.

— Дәулетке Париж түгіл бас қайғы шығар. Парижда Дәулеттен басқа да қашқының саны жеткілікті болар. Баяғы әйел көйлегін киіп, сыйыр тіл ақшасын қапқабымен арқалай қашқан Керенский де Парижда қайыршылап жүр дейді ғой.

— Әлеке осының бәрін қайдан біле бересіз?

— Әміре жан-ай, мені баяғы атшы Әлекең көре бересің-ау. Екі жылдан бері совпарт мектебінде мен жұлдыз санап жүр деймісің? Еселке шорқақтығым болмаса, бай мен патша, қашқан-пысқандардың сырын ұғынарлық шамам бар емес пе?

Әлпейістің көңілді әңгімесін жүруге бет алған паровоз айғайы бөліп кетті. Әміре өзге жолдастарымен қош айтысып вагон есігінің алдында тұрған Батима, Оразкелердің қолын кезекпе-кезек қысып, қоштасып, соңғы бір тапсырмасын айту үшін Әлпейіске бұрылды.

— Әлеке, мен асығыс жүріп барам, келініңіз де, Батима да жөн-жобаны біліңкіремейді ғой, біздің апамның науқасы хауіпті сыяқты. Дәрігерге жиі көрсетіңіздер. Нүрекең марқұм сыяқты ажалды өз үйінің төрінде жатып қарсы аламын демес, реті келсе ауруханаға орналастырған жөн болар.

— Бәрін өзім реттеймін. Аман барып, аброймен қайт. Жолың болсын, — деп Әлпейіс Әміренің маңдайынан сүйді. Әлпейістің аталық мейірімі өз әкесінің балажандық мінездерін есіне түсіріп, тамбурға шығып бара жатып Әміре көзіне жас алды. Паровоз ышқына бір ақырды да, поезд ілгері қарай жылжый жөнелді. Әміре достарына қолын бұлғап қоштасқан бойы, бірте-бірте алыстап кетті.

Жүйткіген ауыр паровоздың түтіні шудаланып аспанның ақша бұлтына тоғысады. Солқылдақ вагонның тербеуіне маужырап ұйқыға бет қойған Әміре, өткен өмірінің әр кезеңін көз алдына елестетеді. Әлпейіс қарттың ат қора түбінді ылашығы, өзінің Бөрібайға атшы болған түні, бөстек арасында жатып, бұйығып ұйықтағаны, Дәулетпен кездескені, Бөрібайға еріп Қарқаралы барғаны, Естай әндерін тыңдау сапары тәрізді өмір уақыттары көз алдына келеді. Сан салалы ойдың ұшы-қыйырына жете алмай жатып Әміре ұйықтап кетті...

(Соңы келесі санда).



АЛЫП МАШИНАЛАР

Біздің еліміз коммунизм шыңына қарай, алып адыммен алға басуда. Сүйікті әкеміз Сталин жолдастың инициативасымен елімізде коммунизмнің ұлы құрылыстары салынып жатыр. Бұл құрылыстардың жұмыс көлемі өте үлкен болса да, оларды салып бітіру мерзімі қысқа. Оның себебі ұлы құрылыстар тек қуатты механизмдердің күшімен салынады. Еліміздің машина жасау өнеркәсібі коммунизм құрылыстары үшін алып машиналар жасап шығаруда. Балалар, сендерді сол алып машиналардың бірнешеуімен төменде таныстырамыз.

КЕРЕМЕТ ЭКСКАВАТОРЛАР

Балалар, үй орнын қазатын экскаваторды көрген боларсыңдар. Еліміздің машина жасайтын заводтары ұлы құрылыстарға арнап сол экскаваторлардың жаңа түрін жасап шығарды. Бұлар, бұрынғылармен салыстырғанда, керемет қуатты экскаватор. Оның әр қайсысын құрылыс басына тасып жеткізу үшін 70 вагон керек. Алып экскаватордың бір болат мойнының ұзындығы тоғыз қабат үйдің биіктігіне тең. Міне, осы керемет машина жер қазады, топрақты сыртқа шығарады. Алыптың ұзын мойнына орнатылған әрі зор, әрі өте салмақты шөміші бар. Шөміш өзінің ауыр салмағымен жерге сылқ түскенде, оның күшті тістері топраққа қадалады. Шөміш жоғарыға бірден 15 текшеметр топрақ алып көтеріледі. Ол — 30 тонна. Мұндай үлкен шөміштің бір жолы шы-



Алып экскаватор



Үлкен жүк автомобилі мен «Москвич»

ғарып тастаған топырағын тасу үшін кем дегенде он жүк автомобилі керек. Алып экскаватор жер қазу, топрақты сыртқа шығару жөнінен жеті мың адамның жұмысын атқарады. Ал, осы қуатты, зор машинаны басқаратын, оған сонша көп жұмыстарды орындататын бірнеше ғана адам.

Жаңа экскаватор электр күшімен жүреді. Түркіменнің Бас каналын салуға мұндай экскаватор көбірек қолданылады.

ЖАҢА АВТОМОБИЛЬДЕР

Балалар, бір жарым, үш, бес тонналық автомашиналарды күнде көріп жүрсіндер. Ал сендер көрмеген, кәзір ұлы құрылыстарда жұмыс істеп жүрген өте күшті автомашиналар да бар. Олар — жеті, он тонна жүк тасыйтын, әрі тиелген жүкті жұмысшыларсыз өздері түсіретін жаңа автомашиналар. Бұларды совет конструкторлары ойлап тапты.

Он тонна жүк көтеретін автомашиналардың әрқайсысы 30 көліктің және соншама адамның жұмысын атқарады. Он тонна құмды немесе тасты жұмысшылар машинадан күрекпен түсірсе, қаншама уақыт кеткен болар еді. Ал, осы жаңа машинаның шофер отыратын кабинасында тұтқа бар. Осы тұтқаны бұрса машинаның жүк тиелген жәшігі көтеріліп, арты ашылады да, жүк тез түседі.

Үлкен автомобиль жасаудың шегі бұл машиналар ғана емес. Совет конструкторлары бұлардан да зор, қуатты, ешбір елде бұрын-соңды болмаған — 25 тонна жүк көтеретін және сол жүкті өздігінен түсіретін жаңа автомобильдің жобасын жасады. Еліміздің алдыңғы қатарлы заводтары кәзір мұндай қуатты машиналарды шығарумен шұғылдануда.

ЖЕР ҚАЗУШЫ ПАРОХОД

Өзеннің жаңа канал басталатын жағасында үлкен пароход тұр. Мұны құрылысшылар топрақ жұтқыш деп атайды. Пароходта кіші ғана каюта бар. Онда машинист пен матростар отырады. Пароходтағы өзге жәйдің барлығына механизм орналастырылған. Машинист осы механизмдерді іске қосқанда, бұранда снаряд су түбіндегі жерге терең қадалып, топрағын қопсытады. Снаряд қопсытқан топрақ сумен араласып, сұйықтау сазға айналады.

Пароходқа жалғанған кең, ұзын труба бар. Оның бір ұшы сыртқы жер үстінде созылып жатыр. Снаряд қопсытқан топрақ сазға айналғаннан кейін, оны қуатты түтік сорып, осы ұзын трубаға құяды. Труба сазды сыртқа,


пароходтан 2—3 километр аулаққа төгеді. Топрақ жұтқыш бір сағат ішінде ғана сыртқа мың текше метрге жуық топрақ шығарады. Ол мың жарым адамның және соншама көліктің жұмысын атқарады.

АВТОМАТ—ЗАВОД

Коммунизмнің ұлы құрылыстарын салуға сан түрлі құрылыс материалдары керек. Солардың бірі — бетон. Бетон—цементтің, құмның және ұсақтастың қосындысы. Құрылысқа бетон көп жұмсалады. Бұған мынадай мысал келтірейік. Бір ғана Куйбышев су электр станциясына жұмсалатын бетоннан Москва мен Орал тауларының арасына қалыңдығы бір метр, биіктігі үш метр қорған салуға болады.

Ал, балалар, ұлы құрылыстарға бетон жасап беретін жаңа заводтармен танысып көрелік. Бұлардың бәрі жұмысты жұмысшысыз істейді. Біз бұрын көріп жүрген бетон заводтарында жүздеген адам жұмыс істейтін. Олар құм екшеу, тас, су тасу, шикізат қоспасын мөлшерлеп жасау, бетон араластыру жұмыстарын тағы басқа жұмыстарды орындайтын. Ал, енді жаңа заводты алатын болсақ, ол толық автоматтандырылған. Мұнда жұмыстың бәрі тек механизм күшімен орындалады, сондықтан онда жұмысшы болмайды. Заводта бар болғаны 8 адам қызмет етеді. Олар — диспетчер, оператор, монтер және слесарьлар. Бұлардың бірде-бірі бетон жасау жұмыстарына қол тигізбейді. Сегіз адамның міндеті — механизмдерді басқару, олардың жұмысын бақылап отыру.

Оператор арнаулы бөлмеде отырады. Бөлменің қабырғасына орнатылған түрлі-түсті кішкене лампалар бар. Олардың жанынан оператор қай механизм жұмысты қалай істеп тұрғанын біледі. Оператор мұнымен бірге түрлі тетік арқылы механизмдерді жұмысқа қосады. Міне, ол бір тетікті жалғастырып еді, төменде конвеер жүріп, астауға цемент, құм, тас тиелді. Осы сыяқты жұ-



Сол жақта: цемент жасайтын автомат-завод, оң жақта: жер қазушы пароход.

мыстың әр түрін орындайтын механизмдерді оператор тек тетік арқылы басқарады.

Алып заводтағы механизмдердің қуаттылығы сонша, мұнда әр жұмыс минуттар мен секундтар ішінде орындалады. Машина 25 секунд ішінде құм мен цементті өлшеп, сегіз секундта цементті, құмды, тасты бетон араластыратын машиналарға тиейді де, үш минут ішінде даяр бетон береді. Сонымен автомат завод сағатына жүздеген тонна бетон дайындап шығарады.

Бүкіл совет халқы елімізде коммунизм орнату жолындағы күресті қыздырып, барған сайын жаңа жеңістерге ие болуда. Әркім өзінің жемісті еңбегін коммунизм орнатуды тездету ісіне арнайды. Әрбір совет адамы бүкіл халық игілігі үшін өзінің күш-жігерін, творчестволық еңбегін ірікпей жұмсап, коммунизм құрылыстарының тез аяқталуына көмектеседі. Совет ғалымдары мен инженерлері ұлы құрылыстарды жаңа техникамен жабдықтап отыруды қамтамасыз етеді.

Қ. МЫҢЖАНОВ.

ҚАБАН КӨЛ ЖАҒАСЫНДА

Қабан көлдің*) жағасында,
Зәулім үй түр көкті құшып.
Кейде төніп мөлдір суға,
Көк көгіршін ойнайды ұшып.

Көргенше үйді асығамын,
Медетіндей жүрегімнің.
Келетіндей құлаққа үн
Өресіндей тілегімнің.

Соқты жүрек жиірек тым,
Кірдім үйге, араладым,
Көз жіберіп қабырғасын,
Коридорын, байтақ залын.

Басқышынан түсіп келем
Зәулім үйдің әдеппенен,
«Ұлы Ленин ізін көрем»
Деген ізгі тілекпенен

Үнілгендей кітабына,
Отыр ма деп сол данышпан,
Хиял кезіп жер шарына,
Мұхиттай ой аспан құшқан?..

Осы үйде оның даусы,
Саңқылдады бойлап залды.
Келешекке болып жаршы,
Атырмаққа нұрлы танды.


Марксизм шыңына өрлеп,
Осы үйде қанат қаққан.
Ойын толғап, құлаш сермеп,
Шалғын қанат дабылдатқан.

Басқан ізі қалды ма? — деп,
Қараймын мен, жүріп залда.
Әлде белгі салды ма? — деп,
Қабырғаға, яки залға..

Дегендей бол шықтым үйден,
Ойға шомдым түпсіз терең,
Дүние сырын түгел білген
Тілдескендей Володямен.

Ж. ОЫЗДЫҚОВ

*) В. И. Ленин оқыған Қазан университеті осы Қабан көлдің жағасында.



БЕЙБІТШІЛІК ЖЫРШЫСЫ



Жаздың тымық кеші. Нью-Йорк шетінде тұратын негр жастары шаң басқан, қапырық құжыраларынан шығып Гарлемге кетіп жатыр. Жастарға елігіп кілең негрлер тұратын бұл кварталға бет алған егде адамдардың да легі ұлғая берді. Көпшілік жерге барып бой жазудың, көңіл көтерудің не екенін ұмытқан жұртшылықтың қабағынан бүгін бір жылылық білінгендей.

Ымырт жабылмай-ақ Гарлемнің шағын клубы халыққа лық толды. Көптен бері көріспеген дос жарлар, таныстар, құрбылар бірі мен бірі шүйіркелесе амандасады. Қалың топтың ішінен:

- Не болады екен?
- Жастар ойын көрсетеді, деседі.
- Ән салушы да бар ма екен?
- Футболшы бала ән салады.

— Апырай, өзіміздің жастар ойын қойып, ән салса, ақ адамдардың шырқын бұзбай-ақ қояр едік, — деген дауыстар жиі естіледі.

Шағын сахнаның пердесі де ашылды. Сахнаға ұзын бойлы, кесек денелі өжет жігіт шыға келді. Ол халыққа бас иіп әдеп білдірді де, өрісті даусымен жайлап назқоңыр ән салды. Жас әншінің баяу басталып бірте-бірте жоғарылаған жағымды үні тыңдаушыларды да өзіне ілестіре өрге көтеріп бара жатқандай болды. Әншінің қоңыр дауысы ашыла, асқақтай барып көкке соққандай үйіріле тоқтағанда, тыңдаушылардың қол соғу жаңғырығы ду көтерілді.

— Жаса, жаса, бұлбұлым!

— Өркенің өссін, даусың дүниені шарласын! — деген үндер тұс-тұстан толассыз естілді.

Бұл, қолында университет бітірген дипломы болса да, негр болғандығы үшін қызметке қабылданбай жүрген Польш Робсон еді. Жас әншінің даңқы сол күннен бастап Нью-Йоркке, Америкаға, онан әрі бүкіл дүниеге жайыла берді.



Польш Робсонның әкесі құл өді Польш қаршадайынан өмір қасіретін көріп өсті. Ол әуелі фермаға жұмысқа кірді, онан кейін кірпіш тасушы болды, таңның атысы, күннің батысы зембіл тасып дедек қақты. Күн батысымен қолындағы зембілін тастап, тұрған жеріне құлай кетіп ұйықтады. Сілесі қатқан бала таң атқанша сыз жерде жатты. Талапты жас арланбай, ерінбей орайы келген жұмысты істей берді. Ол кемеге жүк тиеуші де, асханада ыдыс жуушы да, мейманхана елгезегі де болды. Сөйтіп жүріп ол орта мектепті бітірді. Онан кейін П. Робсон Колумба университетіне түсті.

Мұнда да Американың жалған демократиясы оның алдынан шықты. Польшді көзге шыққан сүйелдей босағаға отырғызды. Оқуын тоқтатпау үшін Польш енді өзінің спорт өнерін сынамақ болды. Ол бұлшық еттеріне қол батпас тамаша футболшы екенін көрсетті. Бұл өнері оның университет бітіруіне азық болды.

Талай тапшылықтың зардабын тартып, жоғары білім алған П. Робсон негрлігі үшін ғана тағы далада қалды. Жалынды жыршы шын бостандық бар елді көруге құмартты.

Польш Робсон арманына жетті. Ол 1934 жылы біздің елде болды. Бұл елде нәсілге бөлу сорақылығы жоғын ол өз көзімен көрді. Робсон өзінің толық праволы адам екенін совет елінде ғана сезді. Ол Москва көшесінде, ешкімнің қаражуынсыз, еркін серуендеді. Атақты әншіні совет халқы құрметпен қарсы алып, зор қошеметтер көрсетті.

Совет халқының социализм құру жолындағы ынтымақты жұмысы Польш Робсонның ой дүниесін мүлдем өзгертті, болашаққа сенімін арттырды, қанаушыларға қарсы күрес жүргізуге күш-жігер берді. Польш Робсон совет елінен аттанарда:

— Еліме қайтып барғаннан кейін мен, Совет Одағында көріп — білгенімді штаттарды аралап жүріп мың-мыңдаған адамдарға айтып беремін, — деді.

Польш Робсон үйіне бара салысымен баласын Москваға оқуға жіберді. Оның даусы енді бұрынғысынан да күшті естілді. Өзінің жанға жайлы майдақоңыр даусын, жүректі жылытып бойды алар тәтті әнін, артистік өнерін ол халыққа шындықты жеткізуге жұмсады.

Ол негрдің халық әні «Миссисипидің»:

- Қажыдым мен, қажыдым мен,
- Қорқамын сұм ажалдан, — деген сөзін:
- Өле-өлгенше күрссін өт,

— Бейбітшілік жолында, — деп еңбекшілерді бейбітшілік жолындағы күреске шақырды. П. Робсон аузынан естілген жырлар америка еңбекшілеріне үнемі жылылық әкелді. Сол себепті Польш Робсон Американың қай штатына барса да, халық оны құшағын жая қарсы алды, ән тындап, шындықты, естіп рахаттанды. Әншінің жүрген жері думанға айналды. Польш Робсон осының бәрінде тек көңіл көтеруші емес, жалынды үгітші, езілген халыққа шындықты жеткізуші болды.

Испанияда соғыс басталғанда, Робсон дереу республикашыл жауынгерлердің арасына келді. Фашизмге ең бірінші соққы берген испан күрескерлерін Польш Робсонның айбынды әндері жігерлендіре түсті. Робсон испан әнімен қоса орыс, негр, ағылшын, француз әндерін де айтты. Робсон әр елдің жақсы әнін, артықша қасиетін өзі болған жерлерге осылайша тарата берді.

Әр сапарынан Польш Робсон Америкаға қайтып оралғанда, еңбекші халық оны сағынып құшақ жайып қарсы алса, империалистер қас жауы келгендей көреді.



Бірде зұлымдар атақты әншіні жойып жібермек те болды. Олар Мемфис-Теннесси қаласындағы Польша ұстап әкелуге бір топ қарақшы жіберді. Мұны ести сала, қант плантациясындағы сая мыңдаған жұмысшылар жұмысты тастап қалаға қарай ағылды. Олар:

Біздің сүйікті Полімізге қолдарыңды тигізетін болсаңдар, қалаларыңның күлін көкке ұшырамыз! — деп тұрып алды.

Жұмысшылардың көрінен қаймыққан қарақшылар кері қайтты.

Поль Робсонды Америка еңбекшілері 1949 жылы бейбітшілікті жақтаушылардың Парижде болған Бүкіл дүниежүзілік конгресіне делегат етіп сайлады. Конгресс мінбесінен Польшаның күшті үні бүкіл әлемге саңқылдап естілді. Ол мінбеде тұрып, жалынды сөзіне қоса, бейбітшілік әндерін салды. Әлемнің бейбітшілік жолындағы күрескерлеріне ол совет елінің сүйікті әндерін орындап берді. Атақты әніміз «Отаным—менің кең байтақты» Поль Робсон зор, кең дауыспен қоңырлата айтып тұрғанда, тыңдаушылардың көз алдына біздің ұлаң байтақ, құдіретті Отанымыз елестеді. Ол осы әндерді жанымен орындау арқылы совет еліне, халқына өзінің шын достық сезімін білдірді.

Конгресс бітісімен, жолшыбай халықтық демократия елдерін аралай отырып, Поль Робсон Москваға бет алды. Самолеттің үстінде келе жатып ол совет жерін көргенде:

«Отаным менің кең байтақ» әнін шалқыта шырқап жіберді.



— Я, мен бұл әнді дүниенің талай түкпірінде, нешеме тілдерде айтып келемін. Оның асыл сөздері менің жүрегіме жылы тиеді де тұрады. Сіздердің еліңіз — менің де екінші отаным. Мені нағыз адам деп қабыл алған ел — сіздің еліңіз, — деді ол жанындағы совет азаматына. Ол батыр қала Сталинградқа барды және басқа қалаларымызда болды. Ол барлық жерде Совет халқының соғыстан кейінгі жылдардағы қаһармандық бейбіт еңбегінің жемістерін көріп, шын достық көңілмен сүйсінді.

Адамзат екі Америка барын — оның бірі аттөбеліндей империалистер билеген Америка, екіншісі Поль Робсон сыяқты адал адамдар Америкасы барын жақсы біледі. Сол себепті: Американың еңбекші халқы Поль Робсонды аса қадірлейді, жақсы көреді. Олар Американың болашағы Робсондай адал, прогресшіл күрескерлердің қолында екенін біледі.

Делегат бола тұрса да, Поль Робсонның бейбітшілік жақтаушылардың дүниежүзілік Екінші конгресіне баруына АҚШ үкметі рұхсат бермей қойды. Олар Робсонның өзін жібермегенімен, оның үніне бөгеу бола алмады. Поль Робсонның пленкеге жазылған жалынды сөзі мен тамаша әні конгресс залынан бар әлемге тағы да естілді. Бейбітшілікті жақтаушылардың екінші конгресінің ұйғаруы бойынша, Поль Робсонға «Бейбітшілік жырлары» үшін бейбітшіліктің Халықаралық сыйлығы берілді.

Бейбітшілікті жақтау жолындағы көрнекті қайраткер, асқан әнші, Поль Робсонның үні империалистер өшіре алмақ емес. Оның өр дауысы бүгінгіден ертең, ертеңгіден бүгінгі күшті, тегеурінді шыға береді. Оның үніне бейбітшілікті жақтаушы барлық адам құлақ асады.

М. НҰРТАЗИН.

ҰРШАҚ ҮШІН

Бітірмек балам быйыл бір класын,
Оқуға арнаған ол бар ықласын.
Тынығып жатыр кәзір жаны жайлы,
Жамылып төсегінде ай шұғыласын.

Қарайды айға мәз боп, күнге күліп,
Жұлдызды әпер дейді көктен жұлпып.
Тынышын бұза алмайсың бөбегімнің,
Соғысқұмар өңшең сұм, сарнап, ұлып.

Дәулетті талаптанып неге жыйдым,
Нақыштап сарай тасын неге қыйдым,
Өрмелеп күнге ұмтылған өршіл

жандай

Шатырын неге орнаттым талай үйдің?

Дейсің бе бір менікі соның бәрі.
Қаусаған шал болармын мен де әлі,
Жоқ, оны мен жасадым балам үшін,
Болсын деп бақытты, шат болашағы.

Тастарын, тауды бұзып, аспанға
атқам,

Даламда айқыш-үйқыш жолдар
тартқам.

Бәрі бар жерімізде қазынаның,
Олжа іздеп сандалмаймыз басқа
жақтан.

Біздердей ұрпағымыз істеп жұмыс,
Орнатар өз қолымен дәулет, ырыс,
Сендердің балаларың ұсап олар
Термейді тотты пышақ, сынық қылыш.

Біз саған арал емес тостағандай,
Қопарып атомыңмен тастағандай,
Өз күшім жарты әлемнен артық
жатыр,

Болмақшы достарымды қоссам
қандай!

Қ. БОРАМБАЕВ.

Мектептен хат



Көсемге арналған жыйын

Ленин атындағы біздің дружина әрбір жыйынды қызықты өткізуге көп көңіл бөледі. Әр жыйын оқушы пионерлердің білімін арттыруға, коммунистік рухта тәрбиеленуіне көмектеседі. Таяуда И. В. Сталиннің өмірі мен қызметіне арналған жыйын өткізілді. Бұл жыйынға дружина алдын ала дайындалды. Үгіт-көпшілік секторы дружина советінің мүшелеріне «И. В. Сталиннің балалық және жастық шағы», «Сталин жолдастың революциялық қызметтері», «Ленин мен Сталиннің ұлы достығы», «Сталин азамат соғысы жылдарында» деген тақырыптарда баяндама жасауды тапсырды. Сонымен қатар данышпан көсеміміздің тарихи кезендердегі қызметі туралы да дружина советінің бір қатар мүшесіне нақты тапсырма берілді.

Дружинаның «Костёр» атты қабырға газеті көсем туралы қызықты материалдар жариялады. «Сталин — бүгінгі Ленин» деген тақырыпта фото-монтаж әзірленді.

Күн ілгері әзірленгендіктен жыйын өте қызықты болып өтті. Оған пионерлер белсене қатысты. Сүйікті көсеміміздің тамаша өмірі мен еңбегін зерттеп үйренуде жыйын көп пайда келтірді.

Хамидолла ҚЫДЫРОВ,

Чапаев ауданы (Батыс Қазақстан облысы), Талпан бастауыш мектебі.

Біздің мектеп батырдың есімімен аталған



— Өздеріне белгілі, біздің мектеп батыр-большевик Аманкелді Имановтың есімімен аталады. Ал сендер Аманкелдінің тамаша өмірін жақсы білесіңдер ме? — деді бізге тарих

мұғалімі бір күні үйірме сабағын өткізіп отырып.

— Білеміз.

Батыр-большевик жөнінде үйірме мүшелері арасында сөз қозғалды. Арамызда Аманкелдінің өмір тарихын жете білмейтіндер де табылды.

— Біз үйірменің келесі сабағын Аманкелді жайына арнайық, — деді мұғалім.

Тарих үйірмесіне қатысатын оқушылардың бәрі ду қостады.

Бұл өте қызық сабақ болды. Бұған тек үйірме мүшелері ғана емес, басқа оқушылар да қатысты. Батыр-большевиктің өмірі, ерлік ісі жайында баяндама жасалды. Аманкелдінің сарбаздарының еске түсірулері және батыр жөніндегі халық аузындағы аңыздар оқылды. Оқушылар Аманкелді батырдың тарихи істері туралы көп жаңалықтарды білді.

Ақан ҚҰРМАНОВ.

Аманкелді ауданы, Аманкелді атындағы қазақ орта мектебі.



Запур қатө-
еін кезінде
түзеді

Жетінші класта конституция сабағы өтіп жатты. Оқушылар мұғалімнің әр сөзін зейін сала тындауда. Жалғыз-ақ Запур ғана әлденеге көңіл алаңдап, ойы бөліне берді. Оның мұнысын Садық ағай аңғара қойды да:

— Капиталистік елдер 1918—1920-жылдары жас совет мемлекетіне не үшін шабуыл жасады? — деп сұрады өзінің жаңа ғана түсіндірген жайларын қайталап.

Запур жауап бере алмай қысылып, күмілжи берді.

Мұғалім кластағы балалардың жүзіне бір қарап өтті де:

— Қане, сұраққа кім жауап береді? — деді. Оқушылар түгел қол көтерді.

— Ғазиз, сен айта ғой. Запур, жақсылап тында...

Қызықты кітап



Бір күні 7-класс оқушысы Оқас Нұрғалиев қаладан бірнеше кітап әкелді. Соның ішінде Сәбит Мұқановтың «Менің мектептерім» атты кітабы да бар екен. Мен бұл кітапты бұрын



Комсомол билетін аларда

Аудандық комсомол комитетінен келген Жұмақанов комсомол қатарына өткен балаларға билет әкеліп отырып:

— Балалар, бүгін қандай күн? — деп сұрады.

— Бүгін ұлы көсеміміз, данышпан бабамыз Лениннің қайтыс болған күні, — деді Сұлтанов даусы сәл дірілдеп.

— Я, балалар, сол ұлы аталарың атындағы комсомолға мүше болдындар. Мен бүгін сендерге комсомол билеттеріңді тапсырғалы отырмын. Ленин комсомолының мүшесі деген зор

— Капиталистер, біріншіден, совет мемлекетінен қорықты, өздеріндегі еңбекші халық та осылай революция жасайды деп қорықты. Екінші, әлі өсіп жетілмеген біздің мемлекетті олар оңай жаулап алып, ендәулетке ие боламыз деп ойлады, — деп бастап, Ғазиз өз ойын айта бастады...

Мұғалім ұқтың ба дегендей Запурға бір қарады да, үзілген сабағын қайтадан жалғап әкетті.

Бүгінгі ағаттық Запур басынан бірінші рет өткен оқыйға еді. Бір досынан оқуға алған «Кішкентай жұлдыз» повесін кішкентай інісі кеше өзі жоқта шыймайлап, кейбір беттеріне дақ салған еді. Кітапты иесіне қайтаруға ұялып және мұнысы кітапты бағалай білмеген салақтығы сыяқты болып көрініп, ол өткен тү-

да оқуға кұмартып жүруші едім. Жолдасымнан кітапты оқып беруге сұрап алдым.

«Менің мектептерім» маған қатты ұнады. Жазушының жастық шағында ауыр тұрмысты басынан кешіргені, оның ата-бабалары туралы естігендері маған үлкен әсер етті, ескі өмірдің аянышты екенін көз алдыма келтірді.

Мен кітаптан алған әсерімді жолдастарыма айттым. Олардың оқымағандары да бұл кітапты оқуға кірісті.

Жүсіпқаш СЕЙСЕНБАЕВ.

Жылой ауданы, Айранкөл жетіжылдық мектебі.

атақты аброймен сактандар, бұл сенімге үздік оқумен жауап беріндер...

Ол Шолпан Оразбаеваға билет ұсынды. Шолпан билетті алып тұрып:

— Билетімді жанымдай сақтаймын, Ленинше оқыймын, Ленинше еңбек етемін, комсомол атағына кір келтірмеуге серт етемін, — деді.

Ең ақырында кезек Сұлтановқа келді. Ол қуанғаннан аузына сөз түспей:

— Бұдан былайғы жерде кілең бестік бағаға оқыймын, әрі жолдастарыма көмектесемін, — деді.

Комсомол билетін алғандардың бәрінің де ойы осындай еді.

Комсомол мүшесі деген абройлы атаққа кір келтірмеу үшін Оразбаева да, Сұлтанов та, олардың жолдастары да сабақты жақсы оқуға, өнегелі азамат болып өсуге баулынууда.

Сәбит НҰРЖАНОВ,

Ойыл ауданы, Құрманов жетіжылдық мектебінің оқушысы.

ні ұйқтай алмай шыққан болатын. Сабақ үстінде де соның әлегімен отырған. Оның үстіне, мұғалім жасаған мына ескерту одан сайын жанына батып, екінші рет бүйтпеспін-ау дегенді іштей түйді.

Бүгінгі сабақтарды жөндеп тындай алмағандықтан, көп жайларды ұға алмай, ол келесі күні оқытушылардың сұрағына жөнді жауап бере алмады. Бұрын өте жақсы оқып келген оқушының мұнысының себебін де оқытушылар кезінде ашты. Запур да екінші рет бұлай етпеске, сабақты мүлт жібермей тындауға уәде берді. Ол сол уәдесін орындап, сабақты үздік оқумен келеді.

Ж, МЕЙМАНДОСОВ,

Созақ ауданы, Шолақ — қорған орта мектебі.



ҚАЗАҚТЫҢ АҚБАС СЫЙЫРЫ

Елімізде халық үшін етті, майды, сүтті, жүнді мол өндіру жолында мал шаруашылығының өнімділігін арттыруға үнемі көңіл бөлініп келеді. Бұл үшін жергілікті малдардың тұқымы асылдандырылуда.

Қазақстанда соңғы жылдары малдың мол өнімді бірнеше жаңа тұқымдары шығарылды. Оның ішінде «Қазақтың биязы жүнді қойы», «арқар-меринос» қойы, сыйырдың алатау тұқымы және «қазақтың ақбас сыйыры» бар.

Қазақтың жергілікті сыйырының салмағы кем, сүті аз келеді. Сонымен қатар қазақы сыйырдың кейбір жақсы қасиеттері де бар. Бұл сыйыр жергілікті ауа райы жағдайына жақсы бейімделген, жайылымда тез семіреді, сүті майлы болады.

Ал геррефорд сыйырының қасиеттері басқаша. Ол салмақты, тез өскіш және еті жақсы болады.

Бұдан 19 жыл бұрын Қазақстанның мал шаруашылық ғылыми — зерттеу институтының және совхоздардың қызметкерлері қазақ сыйырын етті асыл тұқымды геррефорд тұқымымен будандастыруды ұйғарды.


Қазақтың ақбас сыйырын өсіру екі бағытта жүргізілді. Бірі етті сыйыр, екіншісі етті-сүтті сыйыр өсіру бағытында жүргізілді. Бұрын түрлі жағдайда өскен екі тұқымды будандастыру нәтижесінде малдың жаңа тұқымы өсірілді.

Малдың бұл еттік түрі тез еталғыш, семіргіш келеді. Бұзаулары сегіз айлығында 210—220 килограмм тартады. Ал ірі сыйырларының тірідей салмағы 530—550 килограмға дейін жетеді. Ал кейбір сыйырларының салмағы 800 килограмға да жуықтап қалады.

Орташа жайылымды жердің өзінде сыйырдың бұл түрі жылына орта есеппен 2100—2200 килограмм сүт береді. Сүттің майлылығы 3,9 процент болады. Ал «Картинка» деп аталатын бір сыйыр 6694 килограмм сүт берген. Оның сүтінің майлылығы 4 процент, ал өзінің тірідей салмағы 600 килограмма болған.

Қазақтың ақбас сыйырын өсірген бір топ Қазақстан ғалымдары мен малшыларына быйыл Сталиндік сыйлықтың лауреаты атағы берілді.

З. АЙТМАҒАМБЕТОВ



Қазақтың ақбас сыйыры.

ҚОНАҚ ТАРЫ

Тары — қазақ халқының сүйікті тамағының бірі болып саналады.

Тары тектес, тарыға өте жақын, қонақ тары (чумиза) деген өсімдік бар, бірақ ол сирек кездеседі, сеңдердің бәріне бірдей таныс емес.

Қонақ тары, әсіресе Қытай мен Корея жерлеріне көп тараған. Біздің ұлы Отанымызда — Қызыр Шығыста, Грузияда көп жылдардан бері егіліп келеді. 1949 жылдан бастап қонақ тарыны барлық жерлерде өсіру жұмысына қатты көңіл аударылды.



Қонақ тары — аса бағалы өсімдік. Оның дәні ұсақ, сыртқы пішіні, түсі тары дәніне ұқсас. Қонақтарының дәні салмағы бидай дәнімен салыстырғанда 10 есе кем келеді. Мысалы: бидайдың 1000 дәні 30—35 грамм тартса, сол мөлшерлі тары дәні небары 2—3 грамм ғана болады. Қонақ тары дәні ұсақ болғанмен, оның тамақтық сапасы өте зор. Қонақ тары дәнінен ұн, жарма, тағы басқа сол секілді тамақтық заттар жасалып шығарылады.

Қонақ тары мол өнім береді, оның бір гектар жерінен 50 центнер (300 пұт) өнім, 80 центнер шөлсалам алуға болады. Қонақ тарының саламы — жақсы мал азығы. Қонақ тарының тағы бір жақсы қасиеті — ол шөлге төзімді, сондықтан жаңбыры аз, дымқылы кем шөлді жерлерге өсіре беруге болады.

Қонақ тары өсірудің жай тары өсіруден көп айырмашылығы бар. Ол көктемде ерте егіледі. Қонақтарының тұқымы таза және сапалы болуы керек. Бір гектар жерге 8—12 килограмдай тұқым кетеді. Топрақтың, ауа райының жағдайына қарай тұқым мөлшері әр ауданда әр түрлі болуы мүмкін.

Қонақ тары себілген жерге жер тыңайтқыштарын, әсіресе фосфор және калий тұздарын қолданған өте пайдалы, сонда қонақ тарының өнімі көп болады.

Қонақ тары — мол өнім беретін, пайдалы өсімдік.

Т. ДАРҚАНБАЕВ

биология ғылымының кандидаты.



Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Тельман атындағы орта мектептің оқушысы А. Әбдіқадіровтың сұрағына жауап.

ПИОНЕР ДЕГЕН СӨЗ ҚАЙДАН ШЫҚҚАН

Пионер деген сөз ағылшын тіліндегі «Pioneer» деген сөзден шыққан. Бұл сөзді қазақ тіліне аударсақ, бір істе жаңа жол салушы, барлаушы және зерттеуші деген мағына береді. Солтүстік Америка жеріне Европадан алғаш барып қоныстанған адамдар пионер деп аталған.

«Пионерлер — бұл пайдалы жаңалықтар тудырып, өмірге үлес қосатын және жаңа пайдалы істерді терендетіп, кеңітетін адамдар», дейді М. Горький.

Сонымен бірге, ғылым мен техника саласында, искусствода, еңбекте жаңа бастама көрсетіп, жаңа жол салған адамдарды да пионер деп атаған және кәзірде де пионер деп атайды.

Карл Маркс, Фридрих Энгельс, Владимир Ильич Ленин, Иосиф Виссарионович Сталин — коммунистік қоғам орнату жолындағы күрестің ұлы пионерлері.

Отандасымыз ұлы ғалым

И. В. Мичуринді табиғат өзгертудің пионері деп атайды. А. С. Попов — радио техникасының пионері, К. Э. Циолковский — ракеталық самолет жасаудың пионері делінді. Стаханов, Ангелина, Демченко, Чуткихтар біздің елімізде еңбек ұйымдастырудың жаңа озат әдісін тапқан пионерлер деп аталынады.

Совет халқын ұлы жазушы М. Горький әлеуметтік революцияның пионерлері деп атады. Өйткені, біздің еліміз адам баласы тарихында тұңғыш рет коммунистік қоғам орнатуда.



Демек, пионер болу — лениншіл болу деген сөз. Пионер — барлық балаға үлгілі болу деген сөз. Қай мектепке барсаң да, озат оқытын бала жөнінде сөз болса: «Бұл нағыз пионер екен!» — дейді жұрт. Өйткені, бұл пионер, атамыз Лениннің «оқу, оқу және оқу керек» деген ұлы өсиетін орындап, өзінің басты міндеті — оқуда алда болып келеді.

Оқу, білім алу оқушыдан табандылықты, білімге күштарлықты талап етеді.

Пионер ардақты сөз! Бұл есім Отанға берілгендікті, батырлық пен білімділікті, өз мақсатын жақсы түсінгендікті аңғартады.

Міне, жас пионер осындай болуға тиісті.

Е. СУФПЕВ.

ОДАН-БҰДАН

АЙДЫҢ ӨЛАРАСЫ

Айдың көрінісі аспанда әрқашан өзгеріп отыратынын жұрттың бәрі жақсы біледі. Кейде ай толықсып, дөп-дөңгелек болып толады, кейде жартыланады, кейде қол орақша иілген, жіңішкерген күйге келеді. Ал, осы колорақтың мүйізі кейде оңға, кейде солға қарап тұрады.

Осы мүйізге қарап, айдың «ескі-жаңасын» білуге болады. Әдетте, «жаңа» айдың мүйізі солға қарай-

ды да, «ескі» айдың мүйізі оңға қарап тұрады.

Айдың бұлайша әртүрлі болып өзгеріп отыруын айдың өларасы деп атаймыз.

Айдың бұлайша өзгеріп отыруы оған күннің сәулесі әруақытта әр тұстан түсуінен болады. Ал, айдың өзіне келсек, ешқандай сәуле жоқ, алда қашан сөнген. «Айдың сәулесі» дейтініміз, шындығында, ай бетіне түсіп, шұғыла шашқан күннің нұры.

Жерді айнала отырып ай кейде жер мен күннің арасына келеді. Бұл кезде оның бетіне күннен түскен сәуле жер бетінен көрінбейді. Мұны айдың алғашқы жаңасы

дейміз. Ал, ай жерді айнала жүріп, өз жолының ортасына барған шақта, ол жерге қарағанда, күннен едәуір алыстайды. Мұндай кезде оның күн сәулесі түскен беті түгел көрінеді. Мұны айдың толуы деп атаймыз.

Бұлардың аралығындағы жағдайда ай үлкен немесе кіші көлемде жарты ай болып көзге түседі.



120 ТОННА ТАРТАТЫН КИТ

Бұдан 200 — 250 миллион жыл бұрын жер бетінде орасан үлкен жербауырлаушылар тіршілік еткен. Солардың бірі динозавр. Оның салмағы 80 тоннаға жақын, ал ұзын-тұрқы 26 метр болған. Неткен алып десеңші! Бірақ, осы өліп біткен динозаврдан да үлкен кит бар екенін сен білесің бе? Бұл сұр киттің ұзындығы 33 метр. Ол 120 тонна тартады.

Оның салмағы 25 пілдің салмағына тең келеді. Бұл киттің жүрегінің ауырлығы ірі аттың салмағымен бірдей.

Кит керемет күшті келеді. Егер бір тұтас поезды болат сымдар арқылы китке тіркеу мүмкін болса, кит еркін тартып кетер еді.



Кейбір адамдар китті балық деп ойлайды. Бұл хатте, кит балыққа ұқсас болғаны болмаса, балық емес. Балық желбезегі арқылы дем алса, кит өкпесімен дем алады. Ол демалғанда теңіз бетінде биіктігі 10 метрлік су бағанасы көтеріледі.

Кит бір тәулікте 4 — 5 тонна тамақ жейді.

Кит жүз жылдай тіршілік ете алады. Бірақ аңшылар китті көп аулайды, сөйтіп олардың елу жасқа жететіні де некен-саяқ кездеседі. Кит өте пайдалы. Бір киттен мың шошқаның майы түседі.

ТАС КӨМІРДЕН ҚАНДАЙ ЗАТ ШЫҒАРЫЛАДЫ

Таскөмір еңбір қызулы отын екені мәлім. Ал одан алуан түрлі зат шығатынын білесіңдер ме? Таскөмірді тиісті тәсіл қолданып аса жоғары температурамен қорыту арқылы тұрмысымызға керекті көп заттар өндіріледі. Мәселен, одан кокс, жұпар, нашатыр спирті, кейбір жарылғыш заттар, напталин, карболка, сахарин, аспарин, стрептоцид сыяқты көптеген заттар, дәрі-дәрмектер алынады.

Ол ғана емес, таскөмірден кейбір тамақ шығаруға да болады. Атап айтсақ, конфет жасалатын заттарға көмірден өндірілген қош исті заттар қосылады. Осыдан кәдімгі өзіміз жейтін конфет аламыз.

Таскөмірден жоғарыда айтылғандардан басқа, көптеген заттар шығарылады. Оның бәрін тізіп жату мүмкін емес.



ЖАУАП

«Пионер» журналының 1950 жылғы 12 санындағы кроссвордтың шешуі:

Тігінен оқығанда

1. Геометрия. 3. Бес. 4. Асу. 6. Бор. 7. Акт. 11. Венгрия. 12. Калинин. 13. Ванадий. 14. Чайкина. 18. Фет. 19. Бал. 20. Нар. 21. Ана. 24. Нумератор. 28. Шах. 29. Ура. 33. Шал. 34. Жақ.

Көлденеңнен оқығанда

2. Бет. 5. Термосс. 8. Қол. 9. Ата. 10. Ока. 15. Қеш. 16. Қалижан. 17. Нан. 22. География. 23. Самархан. 25. Рим. 26. Мичурин. 27. Ине. 30. Тас. 31. Шек. 32. Ата. 35. Барабан. 36. Тор.

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер:

С. Доспембетов (Қызыл орда облысы), Г. Түсіпов (Қарағанди), Н. Құрманғалиев.

МАЗМУНЫ

	Беті
А. Алексин — Екі портрет . . .	2
Ө. Жайлауов — Кішілік (өлең)	4
Г. Стеблякова — Еңбегі көптің — еңбегі көп	5
Н. Хайдарова — Отряд бірлігі	7
С. Бегалин — Қозышы Нұрман (әңгіме)	8
Т. Төгісов — Жас досым (өлең)	9
Қ. Жармағамбетов — Әнші азамат	10
Қ. Мыңжанов — Алып машиналар	16
Ж. Сыздықов — Қабан көл жағасында (өлең)	17
М. Нургазин — Бейбітшілік жыршысы	18
Қ. Борамбаев — Урпақ үшін (өлең)	19
Мектептен хат	20
З. Айтмағамбетов — Қазақтың ақбас сыйыры	22
Т. Дарханбаев — Қонақ тары	22
Е. Суфиев — Пионер деген сөз қайдан шыққан	23
Одан-бұдан	23.



Мұқабаның бірінші бетіндегі суретті салған Н. Лебедев.

Редколлегия мүшелері:

Т. Абдрахманов (редактор) Қ. Айманов, Қ. Баранов, Ә. Бектұров, Х. Доспанова, Қ. Жармағамбетов, М. Иманжанов, М. Нұргазин, Ә. Сәрсенбаев.

Тех. редактор Н. В. Федоров.

Редакцияның адресі:

г. Алма-Ата, проспект Сталина дом № 79, редакция журналы «Пионер».

Подписано к печати 29/III 1951 г. УГ02873. Бум. 84 × 108^{1/16} — 0,75 бум., 2,46 п. л. Тираж 10.800 экз. Полиграфкомбинат Казполиграфиздата при Совете Министров КазССР.

г. Алма-Ата. Заказ № 667.

КОСТА ХЕТАГУРОВ

Сүйем сөзсіз, адамды күллі әлемді, Сүйем ғаріп, жетімді жәбір көрген, — деп ақынның өзі айтқандай, осетин халқының ұлы ақыны Коста Хетагуров өзінің жалынды, қуатты поэзиясын еңбекші халықтың мұңын мұндап, жырын жырлауға арнаған адам. «Өткір тілді пайза етіп» күреске шыққанда, оның алысқан жауы патша өкметі, қанаушылар табы болса, қорған, пана болмағы туған ел, еңбекші халқы еді. Ол орыстың атақты революцияшыл демократтары Чернышевский, Добролюбовтардың күрес жолын ұстап, революцияшыл пікірін қызу жақтады.

Хетагуров — осетин әдебиеті мен әдебиет тілінің негізін қалаушы ұлы халық ақыны. Ол ақындығының үстіне, әрі драматург, әрі суретші.

Коста анасынан жастай айрылған. Мұқтаждық, жоқшылықтың қармағына қаршадайынан-ақ ілігіп тұрмыс талқысына ерте түскен. Бес жасында үстіне шоқпыт киім киіп, қолына таяқ алып ертеңді-кеш қой соңында жүрген.

Хетагуров өлең, сөзге бала кезінен-ақ әуес екен. Оның ақындыққа икемі бар, дәмелі жас екені баста-ақ байқалып, жұрт көзіне ерте шалынады. Сол дарынның ұшқыны гимназияда оқып жүрген кезінде-ақ тұтанады.

Хетагуровтың өлең, поэмаларының негізгі тақырыбы — халық өмі-

рі. Ол шығармаларын екі тілде (осетин, орыс тілдерінде) жазған. Ең жақсы өлендері: «Солдат», «Жетімдер анасы», «Қайғы», «Сен кімсің», «Жырла», «Қедей жыры», тағысын тағылар. Бұлармен қатар, Коста «Фатима», «Жылаған жарта», «Сот алдында» поэмаларын, «Дуния» пьесасын жазған. Бірнеше мысал, фелетондары да бар.

Коста — халық өмірін, елінің тіршілік қалпын суреттей отырып, еңбекшілерді қанаушы тапқа озбырлыққа қарсы күреске ашықтан ашық шақырған ақын. Сол үшін қуғынға ұшырап, талай айдауда болған. Бірақ, ол өле-елгенше сол мұрадынан айнымай, күрес жолынан жаңылмай, өзінің таңдаулы шығар-



маларымен халыққа қалтқысыз қызмет еткен. Осетин халқы сондықтан оны әрқашан хұрметпен еске алып, айрықша қадірлейді.

Коста Хетагуров есімі, Пушкиннің, Шевченконьың, Абайдың, Шота Руставелидің, тағы сол сыяқты өткендегі кемеңгер ақындардың есімі сыяқты, бүкіл совет елінің еңбекшілеріне, соның ішінде қазақ халқына да қымбат есім.

СЕНБЕ ҰМЫТТЫ ДЕГЕНГЕ...

Коста ХЕТАГУРОВ.

Сенбе ұмытты дегенге: бұлтсыз, биік
Көк аспан, туып өскен тауларымды,
Жарлы ауыл, жарлы елімді және ойлы,
Арман толы сенің көз қарауыңды.

Жоқ, досым, еш ұмытпан! Негұрлым
жау
Қуғындап, жаншый берсе одан жаман,
Негұрлым алыстаған сайын — тауда
Сендермен бірге жүрген сықылданам.

Мені ойлап қорықпа сен! Кек ала
алман.

Бірақ мен қашанда да қаспың қасқа...

Қорықпа! Берілмесің арбауына
Сұлудың қаны басқа, елі басқа.

Сүйем, сөзсіз, адамды, күллі әлемді,
Сүйем ғаріп, жетімді жәбір көрген.
Несіне жасырайын: жарлы халқым,
Бәрінен артығырақ сені сүйем.

Өмірім, ой, қуатым — бәріндегі
Арнауға даяр-ақпын жалғыз саған...
Сүйкімді, қымбатсыңдар маған сонша,
Сөз танып тілім жетіп айта алман...

Аударған С. СЕДТОВ.

ОТАН МАҚТАНЫШЫ

1801 жылы Санкт-Петербургте темір трубалары бар кішкентей завод пайда болды. Ол кездерде бұл заводтың көлемі шағын, қуаты өте әлсіз еді. 1863 жылы инженер-математик Н. И. Путилов бірінші рет қалпына келтіріп, оның ішінен бірнеше цехтар ашады. Бірақ завод Россияның қоғамдық жалпы жағдайына байланысты бірнеше рет дағдарысқа ұшырап, жұмысшылар өте ауыр жағдайда жұмыс істейді.

Заводтың тарихы еліміздің тарихына ерекше орын алады. Өткен ғасырдың аяғы мен үстіміздегі ғасырдың басында Россияда күшті революциялық қозғалыстар болды. Бұл жылдарда Петроград қаласы, ондағы Путилов заводы революциялық қозғалыстың алдыңғы сапында болды. Кейіннен жұмысшылардың революциялық ұйымының мүшесі болған Степан Шмидт 1876—77 жылдары заводта жұмыс істейді. Осында жүріп ол Маркстың «Капиталын» оқиды.

Бұл заводтан көрнекті совет қайраткерлері тәрбиеленіп өсті.

1895 жылы Михаил Иванович Калинин Путилов заводында токарь болып жұмыс істеді. Осында жүріп Калинин В. И. Ленин ұйымдастырған «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» Путилов заводындағы бір тобының жұмысын басқарды. Жас путиловшы Калинин бұл жұмыстары үшін патша қуғынына ұшырады. Бірақ бұл қажырлы революционердің жігерін мұқата алмады. Ол бір аз жыл айдауда болып, қайтадан 1905 жылы Путилов заводына жұмысқа енді. Революцияшыл завод өз ортасынан Совет өкметін орнату жолындағы күрескерлерді осылай тудырды.

1905—1906 жылдары В. И. Ленин заводтағы социал-демократиялық ұйымдармен тікелей байланыс жасап тұрды. 1912—1914 жылдардың арасында заводта 108 рет стачка жасалды. 1917 жылғы Октябрь революциясы кезінде завод күшті қозғалыстың орталығы болды. Ол революцияға мыңдаған жұмысшы-солдаттарын берді.

Завод кәзір Сергей Миронович Кировтың есімімен аталады.

Быйыл еліміз өзінің қажырлы күресте туған белбаласының 150 жылдығын атап өтеді. Бұл уақыттың ішінде ол талай өмір өткелдерін өтті, бақытты өмірге қолы жетті, енді коммунизм жолындағы күрес туының алдыңғы сапында келеді. Киров заводы жұмысшылары әрқашан да жоғары саналылық пен жігерліліктің үлгісін көрсетуде.



Бұл — сөзсіз Отанымыздың мақтанышы.

Н. ШАКЕЕВ

Ағашты қалай отырғызу керек




Шыбықтың тамырларын, жазып, арасында қуыс қалдырмай, майда топрақпен жақсылап жап.




Шыбықтың зақымданған тамыры мен бүршігін қыйып таста.

Қаданы шұңқырдың солтүстік ернеуіне қақ.



топрақтың жоғарғы қабатын шұңқырдың түбіне сал



Суғарғаннан кейін, ағаш түбіндегі топрақты қопсыт.

Шыбықты отырғызған соң түбіне 2 шелек су құй

Ағаш отырғызу жөнінде „ПИОНЕР“ журналының 3-санында басылған мақаланы қара.